AIQYN

СӘРСЕНБІ
№19 (4071)
9.02.2022

www.aikyn.kz e-mail: aikyngazeti@gmail.com www.facebook.com/aikyn.kz @aikyngazeti

ҮКІМЕТТІҢ БАСТЫ МІНДЕТІ – ХАЛЫҚТЫҢ ӘЛ-АУҚАТЫН АРТТЫРУ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен бейнебайланыс режимінде Үкіметтің кеңейтілген отырысы өтті. Жиынға Премьер-Министр Әлихан Смайылов, Мемлекеттік хатшы Ерлан Қарин, Президент Әкімшілігінің басшысы Мұрат Нұртілеу, Үкімет мүшелері, облыстар мен Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының әкімдері, орталық мемлекеттік органдардың және ұлттық компаниялардың жетекшілері қатысты.

Мемлекет басшысы жиында сөйлеген сөзінде еліміздің былтырғы әлеуметтік-экономикалық дамуы қорытындыланып, биылғы жоспардың талқыланатынын атап өтті.

– Өткен жылы ел экономикасы 4 пайызға өсті. Өңдеу өнеркәсібі 5,5, құрылыс индустриясы 7,6 пайызға артты. Қызмет көрсету саласында оң үрдіс бар. Сауда-саттық 9,2, көлік саласы 3,6 пайызға артты. Дегенмен инфляция межелі деңгейден асып кетті. Бұл көрсеткіш 8,4 пайыз болды. Өкінішке қарай, «Қаңтар оқиғалары» қалыпты өмірімізді түбегейлі өзгертті. Заңсыз әрекеттердің салдарынан көптеген азаматтарымыз зардап шекті. Шағын және орта бизнес өкілдері шығынға ұшырады. Қазіргі мәліметтер бойынша бизнеске 100 миллиардтан астам теңге көлемінде залал келді, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздің пандемияға, іскерлік белсенділіктің төмендеуіне және ұлттық қауіпсіздікке төнген сын-қатерлерге байланысты күрделі кезеңді бастан өткеріп отырғанына назар аударды.

– Біз осындай қиын жағдайда ел бірлігінің арқасында мемлекетіміздің қауіпсіздігін, тіпті тұтастығын сақтап қалдық. Қазір Үкіметтің басты міндеті – халықтың әл-ауқатын арттыру, азаматтардың табысындағы алшақтықты азайту және еңбек етуге қолайлы жұмыс орындарын ашу. Бәріміз елдің игілігі үшін қызмет етуге тиіспіз, – деді Мемлекет басшысы.

Президенттің пікірінше, халықтың табысын арттыру және теңсіздікті азайту басым міндеттің бірі.

– Қазір 1 миллионға жуық адамның табысы ең төменгі күнкөріс деңгейіне де жетпейді. Бұл – соңғы 10 жылдағы ең нашар көрсеткіш. Қазіргі уақытта менің тапсырмам бойынша Халықтың табысын арттыруға арналған бағдарлама әзірленіп жатыр, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

(Жалғасы 2-бетте)

Президент Ресейге барады

10-11 ақпанда Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Владимир Путиннің шақыруымен Ресей Федерациясына қысқамерзімді жұмыс сапарымен барады. Бұл туралы Президенттің баспасөз хатшысы Берік Уәли Facebook парақшасында жазды.

10 ақпанда Мәскеуде Қасым-Жомарт Тоқаев Владимир Путинмен келіссөз жүргізеді. Кездесу барысында мемлекеттер басшылары Қазақстан мен Ресей арасындағы көпжақты стратегиялық серіктестіктің даму перспективаларын қарастырады.

11 ақпан күні Мемлекет басшысы Қазан қаласында Татарстан Президенті Рустам Миннихановпен кездеседі және республикадағы бірқатар ірі өнеркәсіптік кәсіпорындарды аралап көреді.

Оффшордағы ақша орала ма?

Қазақстаннан оффшор аймақтарға 160 млрд доллар шығарылған деген дерек жарияланды. Ғаламат ақша. Бұған дейін де заңды, заңсыз жолмен нарықтан біраз қаражат қыр асып жатқанын Бас прокуратура да мәлімдеген еді. Енді оларды қайтару мүмкін бе? Ол үшін не істеу қажет? Тағы да Статидың ісі секілді сансыз әрі құны қымбат сот бастала ма?

Ресми дерекке сүйенсек, соңғы бес жылда республиканың құқық қорғау органдары шетелге заңсыз қаржы шығару фактілері бойынша 200-ден астам іс қозғаған. Алайда тексеріс нәтижесі қалай болғаны, ақша жымқырғандарға қандай шара қолданылғаны жөнінде нақты мәлімет жоқ. Сондай-ақ кейбір олигархтардың «қасіретті қаңтар» кезінде Қазақстаннан жеке ұшақтармен өздері ғана кетіп қалмай, шетелдегі есепшоттарға қыруар қаржы аударғаны туралы деректер айтылып жүр. Осы жайттарға байланысты Мәжіліс депутаты Мақсат Раманқұлов Үкіметке сауал жолдады.

ШЕКАРА АСҚАН ҚАРЖЫҒА ТОҚТАМ БАР МА?

«Қаржы мониторингі агенттігі құрылғаннан бері Қазақстан экономикасына оффшорлық аймақтардан нақты қанша қаражат қайтарылды? Қаңтардағы қайғылы оқиғалар кезінде қандай елдерге ірі көлемде қаражат аударылды, оны кімдер шығарды, ол кімдердің шотына түсті? Осы күрделі күндері көлеңкелі капиталдар шығарылды деген күдігіміз бар. Ол адамдар өздерінің тағдырын Қазақстанмен байланыстырмаса, қалаған жерлерінде қала берсін. Бірақ шығарылған қаражат халықтан ұрланған болса, елімізге қайтарылып, экономикаға жұмыс істесін»,– деді депутат. Ол сондай-ақ мұндай фактілер бойынша құзырлы органдар қаржының шығу заңдылығын анықтауға және олардың тиісті салықтарды төлеген-төлемегенін тексеруге міндетті екенін еске салды.

(Жалғасы 4-бетте)

Жалған ақпарат жарға жығады

Орталық коммуникациялар қызметінде өткен брифингте Бас прокуратура мен Ішкі істер министрлігінің өкілдері «Қаңтар оқиғаларының» себептерін анықтау, жалпы тергеу барысы туралы айтып берді.

ҚР Бас прокуратурасының арнайы прокурорлар қызметінің бастығы Ризабек Ожаровтың айтуынша, мұндай жұмыстар еліміздің сегіз өңірінде: Алматы мен Шымкент қаласы, Алматы, Жамбыл, Қызылорда, Шығыс Қазақстан, Ақтөбе және Атырау облыстарында жүріп жатыр. Дәл сол жерлерде адам өлімі, бүлікшілік, өрт салу, мемлекеттік және жеке нысандарды қирату көп болған.

3 ▸▸

Қауіпті қоқыс – табысты бизнеске айналмасын!

Пандемия құшағындағы соңғы 2 жыл адамзатқа денсаулықтың зор байлық екенін іс жүзінде дәлелдеді. Сын сағатында біздегі дерттің алдын алу, емдеу, сауықтыру ісінің «жүйкесі» сыр берді. Сонда да болса көпшілік бетперде тағып, вакцина салдырып, қауіпті вирусқа қарсы қарекет қылып жатты. Есесіне пайдаланылған бетперделер мен вакцинадан босаған құтылар медициналық қалдықтарды талапқа сай залалсыздандыру мәселесін күн тәртібіне шығарды.

Пандемия «қоқысына» қарсы күресті бүгінде әлем елдері коронавирус инфекциясының таралуына тойтарыс берумен тең дәрежеде қарастырады. Сондықтан өзгелер бейберекет шашылған бетперделер мен бірге вакцинадан босаған құтыларды талапқа сай жою ісін мықтап қолға алды. Олай болатын жөні де бар. Дүниежүзілік денсаулық ұйымы 2020 жылдың наурызы мен 2021 жылдың қарашасы аралығында әлемде 87 мың тонна жеке қорғаныш құралы пайдаланылды деген дерек таратты.

5 ▸▸

Шекарадағы Марқакөл жеке аудан бола ма?

Шекара шебіндегі, елдің шеті, желдің өтіндегі бұрын өз алдына аудан болған өңірдің тұрғындары «ауданымыз қайта ашылып, айымыз оңынан туар ма екен?» деген үкілі үміттің жетегінде жүр. Әсіресе, марқакөлдіктердің ең басты арманы да – осы.

ПРЕЗИДЕНТ ПӘРМЕН БЕРДІ, ҮКІМЕТ НЕГЕ ҮНСІЗ?

Иә, бұған себеп те жоқ емес. Былтыр қараша айында өткен Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің VI отырысында Президент шекаралық аудандарды дамыту бағдарламасын дайындау туралы тапсырма беріп: «Шекара маңын бос қалдыруға болмайды. Бұл – ұлттық қауіпсіздікке тікелей қатысы бар мәселе. Оны жүйелі түрде шешу қажет. Қомақты қаражат керек болады. Үкіметке мұны жан-жақты қарастырып, шекаралас аймақтарды дамыту жөнінде ұсыныс енгізуді тапсырамын» деген болатын.

7 ▸▸

Қат дәрілердің құны да қымбат

Әлемдегі ең қымбат дәрілердің бағасы – 1 миллиард теңге. Қазақстанда тіркелмеген, тіпті ел аумағына кіргізу мүмкін емес Zolgensma препаратын АҚШ-тан табуға болады. Қазақстанда 1 жас 7 айлық Айсезімге бұлшық атрофиясы дерті жармасып, ғұмырын сол дәріге бағынышты етті. Сауығып кетуі үшін аталған препарат оған 2 жасқа дейін салынуы керек. Қаржы жинауды бүлдіршіннің ата-анасы былтыр наурыз айында бастаған. 11 айдан кейін еліміздегі белгілі әнші-актерлер, ақындар, блогерлер, кәсіпкерлер бастап, халық қолдап, жансақтау бөлімінде жатқан Айсезімнің еміне қажетті қаржыны топтастырды. Қат дәрінің қымбат болуының себебі неде? Құны көкке ұшқан тағы қандай дәрілер бар? Бастысы, науқасты ажалдан арашалай ала ма?

ДӘРІГЕ БАЙЛАНҒАН ҒҰМЫР

Арқа бұлшық ет атрофиясы – генетикалық ауру, оның кесірінен адамның барлық бұлшық еті семіп, салдарынан өліп кетуі мүмкін. Денсаулық сақтау министрлігі елде бұл диагнозбен қанша адам ауыратынын нақты айтпайды. Қазір оны бюджет қаражаты есебінен емдеу хаттамасына енгізді. Бір ампуланың құны – 50 миллион теңге. Осындай алты ампулаға бір жылға өтінім берілді. Бірақ нусинерсен (спинраза) препаратын өмір бойы қабылдау керек.

6 ▸▸

e-mail: aikyngazeti@gmail.com
www.facebook.com/aikyn.kz
@aikyngazeti

Үкіметтің басты міндеті – халықтың әл-ауқатын арттыру

(Басы 1-бетте)

Мемлекет басшысы инфляцияны ауыздықтау мәселесін екінші міндет ретінде атады.

– Сауда-саттықтағы тиімсіз делдалдыққа тоқтау салатын кез келді. Мысалы, 3 миллион адам тұратын Алматы қаласы мен оның төңірегіндегі елдімекен тұрғындары тұтыну тауарларын көбіне «Алтын орда» базарынан алады. Алматы облысы мен Алматы қаласының әкімдеріне Үкіметпен бірлесіп, базарды тексеруді және тәртіп орнатуды тапсырамын. Бұл жер пайдакүнемдер үшін нағыз майшелпекке айналған. Бұған Алматыдағы «Қаңтар оқиғасы» кезінде анық көз жеткіздік. Бұл – басқа өңірлерге де қатысты мәселе. Қажет болса, бұл жұмысқа құқық қорғау органдары атсалыссын. Екі ай уақыт беремін, – деді Президент.

Президенттің пікірінше, халықтың табысын арттыру және теңсіздікті азайту – басым міндеттің бірі.

– Қазір 1 миллионға жуық адамның табысы ең төменгі күнкөріс деңгейіне де жетпейді. Бұл – соңғы 10 жылдағы ең нашар көрсеткіш. Қазіргі уақытта менің тапсырмам бойынша Халықтың табысын арттыруға арналған бағдарлама әзірленіп жатыр, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы инфляцияны ауыздықтау мәселесін екінші міндет ретінде атады.

– Сауда-саттықтағы тиімсіз делдалдыққа тоқтау салатын кез келді. Мысалы, 3 миллион адам тұратын Алматы қаласы мен оның төңірегіндегі елдімекен тұрғындары тұтыну тауарларын көбіне «Алтын орда» базарынан алады. Алматы облысы мен Алматы қаласының әкімдеріне Үкіметпен бірлесіп, базарды тексеруді және тәртіп орнатуды тапсырамын. Бұл жер пайдакүнемдер үшін нағыз майшелпекке айналған. Бұған Алматыдағы «Қаңтар оқиғасы» кезінде анық көз жеткіздік. Бұл – басқа өңірлерге де қатысты мәселе. Қажет болса, бұл жұмысқа құқық қорғау органдары атсалыссын. Екі ай уақыт беремін, – деді Президент.

Президент барлық деңгейдегі әкімдердің бюджет дербестігін одан ары арттыруы қажет екеніне арнайы тоқталды. Оның айтуынша, аймақтардың 82 пайызының дотацияда болуы дұрыс емес.

– Мен бұған дейін бюджетаралық қатынастың жаңа жүйесін қалыптастыру туралы тапсырма берген болатынмын. Осы тапсырманы тағы да естеріңізге саламын, – деді Мемлекет басшысы.

Президент утилизациялық алым мәселесіне де тоқталды.

– Утилизациялық алым бойынша барлық қаражат мемлекет пайдасына түседі деп шештік. Ендігі мәселе – мөлшерлеме деңгейін анықтау. Жұмыс тобы осы мәселені қызу талқылап жатыр. Бірден айтайын, утилизациялық алым қайта қаралады. Бірақ шектен шықпаған жөн. Автоөнеркәсіпті дамытуға жұмсалған ақшаны желге шашудың, ескі автокөліктерді сырттан әкеліп, қалдықтан нарық ашудың қажеті жоқ. Утилизациялық немесе тіркеу алымы түпкі мақсат емес. Бастысы – тұтынушылар үшін автокөліктер мен ауыл шаруашылығы техникасының қолжетімділігін қамтамасыз ету. Өндірушілер мен дистрибьютерлер тарапынан әрекет болады деп сенемін, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент жалдамалы тұрғын үйді субсидиялау жөніндегі бастамасын тездетіп жүзеге асыру қажеттігіне де баса мән берді. Бұл бастама өткен жылы іске қосылуы керек еді.

– «Отбасы банк» пен Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі субсидия алатындар мен жылжымайтын мүлікті жалға берушілер тіркелетін арнайы цифрлық платформаны әзірлеуге тиіс. Азаматтар өздерінің қажеттіліктеріне сәйкес әкімдіктер немесе құрылыс компаниялары айтқан жерден емес, өздері қалаған жерден тұрғын үй таңдай алады. Әлеуметтік жағдайы нашар топтар үшін жалға алу шығынының 50 пайызы мөлшеріндегі субсидия мемлекеттен төленеді. Тұрғындар отбасылық бюджеттің артылған ақшасын азық-түлік, білім алу, медицина және тағы басқа қажеттіліктеріне жұмсай алады. Осы жүйе бойынша өтінімдерді қабылдау мерзімін биылғы 1 мамырдан кешіктірмеуді тапсырамын, – деді Мемлекет басшысы.

Отырыс барысында агроөнеркәсіп кешенін дамыту мәселесіне баса мән берілді.

Президент соңғы 5 жылда ауыл шаруашылығын дамытуға 2 триллион теңгеден астам қаражат бөлінгенін еске салды. Алайда оның айтуынша, субсидия қанша өссе де, бұл салада ауыз толтырып айтатын өзгеріс болған жоқ.

– Субсидия түпкі иесіне жетпей, орта жолда талан-таражға түсуде. Тіпті, ауыл шаруашылығына еш қатысы жоқ салалар да оның қызығын көруде. Соңғы жылдары Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі 960 қылмыстық іс тергеген. Соның 54 пайызы субсидияны жымқыруға қатысты болған. Мысалы, жайылымдық жерлерді суландыруға 80 миллиард теңге бөлінді. Бірақ оның тең жартысы желге ұшты. Осы жұмысқа қажетті құрал-жабдықтың бағасы 2-3 есе артық көрсетілген. Тіпті, кей жағдайда қаржыны қағаз жүзінде игере салған, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы осы саланы ретке келтіруді, аграрлық саланың тиімділігін арттыруға бағытталған субсидиялаудың жаңа жүйесін құруды тапсырды.

Бұдан бөлек Президент жерді белгілі бір тұлғалардың меншігіне өтіп кетуіне жол бермеу мәселесіне тоқталды.

– Ауыл шаруашылығы министрлігі бір тұлғаға 98 мың гектарға дейін ауыл шаруашылығы жерлерін иемденуге рұқсат беретін қаулы жобасын әзірледі. Бұл өлшеусіз жер иелену құқығын заңдастыру әрекеті сияқты көрінеді, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Үкіметке жер учаскелерінің шекті көлемін анықтау үшін сарапшылар мен ғылыми институттардың қатысуымен жұмыс тобын құру тапсырылды. Мұны осы жылдың 1 мамырына дейін бекіту керек.

Президент энергетика кешенін дамытуға тағы бір басым міндеттің бірі ретінде тоқталды. Мемлекет басшысы былтыр осы салада болған дағдарысты еске салды. Атап айтқанда дизель отынының, авиакеросиннің, сұйылтылған мұнай газының, электр қуатының тапшылығы байқалды.

Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздің энергетикалық қауіпсіздік мәселесін АЭС салу арқылы тез арада шешу қажет деп санайды.

– Жауапты тұлғалардың атом станцасын салу мәселесі жөніндегі сауалдарға жауап беруден неге жалтаратындарын түсінбеймін. Шындығын айту керек: егер таза атом энергиясы болмаса, инвестиция тартпақ түгілі, барлық экономикадан да, аймақтық көшбасшылықтан да айырылып қаламыз. Бізге электр қуаты, әсіресе таза атом энергиясы аса қажет. Экономикалық ахуалдан хабары жоқ популистердің сөзіне ермейік. Атом энергетикасының мәнін кәсіби деңгейде түсіндіру қажет, – деді Президент.

Президент денсаулық сақтау мәселесі жөнінде айта келе, бұл саланың қаржыны көп қажет ететінін атап өтті.

– Қолда бар қаржыны түгендеп, басымдықтарды қайта қарау керек. Бұл – алдағы жобаларға, соның ішінде мемлекет пен жекеменшіктің серіктестігі арқылы салынатын 20 ауруханаға қатысты мәселе. Оның әрқайсысына жұмсалатын шығын қолданыстағы заманауи ауруханалардың құнынан бірнеше есе артық. Мұндай мемлекет пен жекеменшіктің серіктестігі қажет емес, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев сөзін түйіндей келе, мемлекет пен бизнес басшылыққа алуға тиіс қағидаттарды айқындады.

– «Жаңа Қазақстанды» құру үшін түсінікті әрі әділ мемлекеттік саясат жүргізілуі керек. Бұл саясат шенеуніктердің жөнсіздігіне жол бермейді. Бәсекеге және технологияға негізделген экономиканы қалыптастырады. Сонымен бірге, жеке меншікке, адамның құқықтары мен бостандығына қол сұғылмауына заң үстемдігі арқылы кепілдік береді, – деді Президент.

Мемлекет басшысы билік пен қоғамның адал еңбек пен әділ ынталандыру идеологиясын ұстануы қажет екенін айтты. Бұл идеология компрадорлар мен уақыт өткізіп жүргендердің, масылдардың орнын алмастыруға тиіс.

– Үкіметке шетелге заңсыз шығарылған қаражаттарды және онда сатып алынған активтерді елімізге қайтару жолдары жөнінде ұсыныс әзірлеуге 2 ай уақыт беремін, – деді Президент.

Сонымен қатар жиын барысында Премьер-Министр Әлихан Смайылов, Ұлттық банк төрағасы Ғалымжан Пірматов, «Самұрық-Қазына» АҚ басқарма төрағасы Алмасадам Сәтқалиев, Маңғыстау облысының әкімі Нұрлан Ноғаев, Алматы облысының әкімі Қанат Бозымбаев, Жамбыл облысының әкімі Бердібек Сапарбаев, Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев, Қызылорда облысының әкімі Гүлшара Әбдіқалықова, Солтүстік Қазақстан облысының әкімі Құмар Ақсақалов сөз сөйледі.

Сенат Төрағасы Германия елшісімен кездесті

Сенат Төрағасы Мәулен Әшімбаев Германия Федеративтік Республикасының Қазақстандағы Төтенше және өкілетті елшісі Моника Иверсенмен кездесті.

Сұхбаттасу кезінде Мәулен Әшімбаев таяуда ел Президенті жариялаған Жаңа Қазақстанды құруға бағытталған жүйелі шаралар туралы айтты. Сенат Спикері осыған байланысты елімізде түрлі салада белсенді жұмыс жүргізіліп жатқанын, олардың негізгі міндеті әлеуметтік теңсіздікті азайту, мемлекеттің экономикаға қатысуын төмендету, шағын және орта бизнесті жаппай дамыту екенін тілге тиек етті. Сондай-ақ елдің саяси жүйесін одан әрі демократияландыру да маңызды басымдықтардың бірі екені айтылды.

Сонымен қатар тараптар екі елдің парламентаралық байланысын әрі қарай дамыту перспективаларына кеңінен тоқталды. Одан бөлек, Қазақстанның Жаңа экономикалық бағдарын іске асыру аясындағы ынтымақтастық мәселелері сөз болды.

Елші Қазақстан Президентінің реформаларына қолдау білдіріп, оларды елдің даму жолындағы маңызды қадам деп атады. Сондай-ақ ол Мемлекет басшысының бастамаларын іске асыру аясында елдеріміз арасындағы ынтымақтастыққа дайын екенін жеткізді.

Сонымен қатар Мәулен Әшімбаев Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері съезі Хатшылығының басшысы ретінде елшіге Германияның бірқатар дін лидерлері мен көрнекті саяси қайраткерлеріне съезге шақыру хаты жолданғанын айтты. Ол Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің VII съезі биылғы қыркүйек айында өтетініне назар аударып, дипломатты Германиядан шақырылған делегаттардың форумға қатысуына жәрдемдесуге шақырды.

Мадияр ТӨЛЕУ

Алаяққа арандап қалмаңыз!

Алаяқтар қайырымдылық ұйымдарының бірыңғай платформасын пайдаланып, қазақстандықтар атына несие рәсімдеуге көшкен.

Тек демалыс күндерінің өзінде «Атамекен» ҰКП байланыс орталығына осындай шағыммен 250 адам жүгінсе, дүйсенбі, 7 ақпанда осы тектес тағы 186 қоңырау түскен.

Мәселен, өтініштердің бірінде Шымкент тұрғыны atamekenim.kz сайтында көмекке өтініш беріп, барлық мәліметтерді толтырғаннан кейін экранда несиенің сәтті өңделгені туралы ақпарат пайда болғанын, содан кейін оған одан әрі ақшалай несие рәсімдеу туралы ұсыныспен бейнеқоңырау түскенін айтқан.

Дәл осындай оқиға Өскеменде де болды. Онда қала тұрғынына электронды үкіметтің жалған порталы атынан SMS хабарлама жіберіліп, одан кейін ақшалай көмек түрінде 1 166 000 теңге алу үшін жолданған SMS кодын ата-ауды сұраған алаяқ хабарласқан.

Осыған дейін Қордың әлеуметтік желідегі мессенджерлеріне «Қазақстан халқына» қоры атынан телефон соққан алаяқтар төлеуге уәде еткен 42 500 теңге көлеміндегі әлеуметтік жәрдемақыға қатысты сұрақтар келіп түскен болатын.

«Қор мессенджерлер арқылы бейне немесе аудио қоңыраулар жасамайды. Жалғыз байланыс құралы – qazaqstanhalqyna.kz сайты және atamekenim.kz қайырымдылық ұйымдарының бірыңғай платформасы. Біз азаматтардың қауесеттерге сенбеуін және алаяқ ұйымдардың арандатуына берілмеуді сұраймыз. Тек ресми ақпаратқа сеніңіздер», – дейді «Қазақстан халқына» қорының ресми өкілі Әлібек Әбділов.

Әкімшілік ғимараттарға шабуыл жасаған

ҰҚК 7 ақпанда Алматы қаласында жедел-іздестіру шаралары нәтижесінде мемлекеттік органдардың әкімшілік ғимараттарына шабуыл жасады деген күдікпен бір топ адамды ұстады.

«Тінту барысында олардан Калашников автоматы, оған 158 патрон, танкіге қарсы қол гранатаатқышына 1 ату және 3 снаряд, 2 граната, келте аңшы мылтығы және электрошокер табылып, тәркіленді.

Ұсталғандардың бірі бұрын адам өлтіріп, қарақшылық және ұрлық жасағаны үшін сотталған», – делінген хабарламада.

Тергеу және жедел іс-шаралар жалғасуда.

М.ТӨЛЕУ

«ҚАСІРЕТТІ ҚАҢТАР»: дәрігерлер өз борышын адал атқарды

Арада бір ай өтсе де, «Қаңтар оқиғасының» қасіреті алматылықтардың жадынан өшер емес. Ауыр күндерде алдыңғы шепте қызмет көрсеткен жандардың бірі – дәрігерлер. Ол күндері мегаполистегі барлық емдеу мекемелері күшейтілген режимде қызмет көрсетті. Солардың қатарында «Қалалық жедел шұғыл көмек көрсету ауруханасы» да бар. Дүрбелең күндері жұмыс орнында болған аурухананың 200-ге жуық қызметкері өжеттік танытып, кәсіби борышын атқарды. Тіпті, қаладағы қауіпті жағдайға қарамастан, үйлерінен жұмысқа келіп жатқандар да болған. Олардың әрбірі қасіретті күндердің тікелей куәгері және қаһарманы деп айтуға лайық.

Солардың бірі – аталған аурухананың қабылдау бөлімшесінің меңгерушісі, дәрігер Бауыржан Омаров қиын сәттерде ауруханаға түскен әрбір адамға қызмет көрсеткендерін айтады.

«Ауруханамыздың қабылдау бөлімшесіне қысқа мерзімде көптеген жарақат алған адамдар түсті. Түрлі жарақаттармен түскен науқастардың кім екеніне, қандай салада жұмыс істейтініне қарамай, пациент ретінде қабылдадық. Өйткені дәрігер қандай жағдай болмасын, кез келген сәтте науқас атаулыға кім екеніне қарамастан көмек көрсетуі керек.

Аурухана басшылығы медициналық көмек бригадасын күшейту туралы алдын ала шешім қабылдаған, құрамында травматолог, хирург, нейрохирург, анестезиолог-реаниматолог және басқа да мамандар бар 5-6 бригада дайын болған.

Осы жолы науқастар көбіне оқ жарақатымен түсті, одан басқа да түрлі жарақаттар болды, граната сынықтарынан жарақат алғандар, газбен уланған адамдар, кесілген немесе жарылған жарақатпен түскендер.

Ауруханадағы 9 ота жасайтын бөлме үздіксіз жұмыс істеді», – дейді бөлім меңгерушісі.

«ҮЙДЕ, ТЫНЫШ ЖЕРДЕМІН» ДЕП АЛДАДЫМ

Осы күндерде жұмыс орнында болған тағы бір дәрігер, хирург Мұрат Ахметов сол күндері қабылдау бөлімі бейне бір соғыс майданының жағалауына айналғандай болды деген ойын айтты.

«2022 жылдың қаңтары ызғарлы болып қана қоймай, Алматының аспанына қара бұлт үйіргеніне куә болдық. Қаңтардың 4-інен 5-іне түн ауған шақта басшылық дәрігерлерді қабылдау бөліміне көмекші қол ретінде жібере бастады. Солардың ішінде мен де болдым. Сол уақыттан бастап ауруханамыздың қызметкерлері, дәрігерлер, медбикелер, тазалық, шаруа бөлімі дамыл таппады. Тіпті, оқтан, қауіптен тайсалмай, жұмысқа келіп жатқандар аз болмады. Дәрігерлердің қиындыққа қарамай, жұмысқа келулеріне тура келді. Алдымызға келген пациенттің әрбіріне, жоғары дәрежеде, жіті бақылауға алып, ота жасадық. Тіпті, анам қоңырау шалғанда, уайымдамасын деп, «үйде, тыныш жердемін» деп алдаған сәттерім де болды. Барлық қызметкер өз міндетін толық атқара білді.

Негізгі лек оқ жарақатынан туындаған, бас ми, кеуде және іш, қол-аяқтың ауыр жарақаттары болды. Жансақтау ұжымы үшін де бұл аса қиын сәт болды. Әріптестерімді мақтан тұтамын», – дейді 1-санатты хирург М.Ахметов.

ЖЕКЕЛЕГЕН ЖЕҢІЛ МАШИНАЛАРМЕН ДЕ ӘКЕЛДІ

Қырғын болған күндерде өз міндетіне адалдық танытып, келген науқастарға жанұшыра қызмет көрсеткен жандардың бірі – қабылдау бөлімшесінің аға медбикесі Гүлзира Мұхамеджанқызы.

«5-і күні таңертең әдеттегідей жұмысқа келсем, әріптестерімнің түрі шаршаңқы көрінді, мән-жайды күнделікті өткізілетін 5 минуттық жиналыс барысында түсіндім. Түнгі 1-2-лерден бастап, ауруханаға оқ жарақаттарымен науқастар түскен екен. Артынша, сағат 9-10-дардан бастап, кезек-кезек, оқтан жарақат алған бір сәтте 5-10 науқасқа дейін түсе бастады. Олардың ішінде саны, кеуде жарақаттары, бас жарақаттарымен түскендер көп болды. Науқастарды жеңіл машиналармен де әкеліп жатты. Сол кезде қабылдау бөлімін көрсеңіз, қазір есімізге түсірсек, басымыздан өте бір қиын жағдай өткенін түсінеміз. Ол кезде ондай сезім болған жоқ, ең бастысы, өз міндетімізді атқару болды. Түскен науқасқа бірнеше адам көмектеспесе, қансырап жатты, киімдерін шешу, оны ота жасайтын бөлмеге тасымалдау, жансақтау бөліміне жеткізу кезінде қиналып қалғанымыз болмаса, бәріміз өз міндетімізді күнделікті жұмыс ретінде қабылдадық. Көмекке басқа бөлімшелердегі әріптестеріміз келе бастады. Қолымыз, киімдеріміздің бәрі қан. Қабылдау бөліміндегі қанды кіші мейірбикелер жуып үлгермей жатты. Осы жағдай қаңтардың 6-сына қараған түні сағат 3-терге дейін жалғасты. Содан кейін де түсіп жатты, бірақ біршама саябырсығандай болды. Осылайша, ұйқы түгіл, бір отырмай таңды атырдық. 6-сы күні де осындай жағдай қайталанды.

Кейін бүлікшілер ауруханаға қарай келе жатыр деген хабар келгенде ғана, қорқыныш сезімі пайда болды. «Алла жар болсын», «Құдай сақтай гөр» деп білген сүрелерімізді айтып, жұмысымызды жалғастыра бердік. Кешке қарай эвакуация басталғанда, осында кіріп, бәрімізді қырып кете ме деп жүрегім қатты тарсылдап кетті. Қабылдау бөлімінің жарығын өшіріп, есігін жаптық. Түнгі 2-3-терде тыныштала бастады. Содан таңғы 4-тен бастап науқастарды қайта қабылдай бастадық.

Әріптестерім батырлық танытты деп есептеймін. Қашан да алдыңғы қатарда қызмет етіп, бірінші соққыны алатын қабылдау бөлімі ғой. Дегенмен түсіп жатқан жас, әлі оң-солын танып үлгермеген жастарды көргенде, ауырмаған жүрек болмаған шығар.

4 күн ұйқысыз қызмет еттік, содан 9 қаңтардан бастап шаршағанымыз айқын сезіле бастады. Өз басым үйге 11-і күні ғана қайттым. Менімен бірге қалғандар да аз емес», – дейді аға медбике Г. Мұхамеджанқызы.

Иә, тарихта «Қасіретті қаңтар» атауымен қалған оқиға қазақ халқына да өзгелерге де сабақ аларлық ой салғаны анық. Біз де мұндай сынақты күндердің қайталанбауын тілейміз. Бұл – баршаның көкейіндегі ортақ тілек.

Нұрболат АДЫРБЕК,
Алматы

Жалған ақпарат жарға жығады

Орталық коммуникациялар қызметінде өткен брифингте Бас прокуратура мен Ішкі істер министрлігінің өкілдері «Қаңтар оқиғаларының» себептерін анықтау, жалпы тергеу барысы туралы айтып берді.

Елдар ҚАБА *(коллаж)*

ҚР Бас прокуратурасының арнайы прокурорлар қызметінің бастығы Ризабек Ожаровтың айтуынша, мұндай жұмыстар еліміздің сегіз өңірінде: Алматы мен Шымкент қаласы, Алматы, Жамбыл, Қызылорда, Шығыс Қазақстан, Ақтөбе және Атырау облыстарында жүріп жатыр. Дәл сол жерлерде адам өлімі, бүлікшілік, өрт салу, мемлекеттік және жеке нысандарды қирату көп болған.

– Жаппай тәртіпсіздіктерді ұйымдастыру мен оған қатысу және терроризм актісін жасауға қатысты 467 адам қамауға алынған. Олардың жеке басы, отбасылық жағдайы, жасы, денсаулық жағдайы, қатысу дәрежесі, өз істеріне деген көзқарасы және басқа да сипаттайтын деректер мұқият зерттелуде, – дейді ол.

Осы факторларды ескере отырып, арнайы прокурорлар 76 күдіктіні тергеу изоляторларынан босатқан. Қамауға алу, ешқайда кетпеу туралы қолхатқа, үйқамаққа және жеке кепілдікке ауыстырылды. Олардың арасында екі әйел және 9 кәмелетке толмаған жасөспірім болған.

– Тергеу изоляторларында кездейсоқ қамалған адамдар жоқ екенін жауапкершілікпен мәлімдейміз. Қамауға тек ауыр және аса ауыр қылмыстар жасағаны туралы нақты айғақтар бар адамдар ғана алынды. Біз ұсынып отырған барлық цифрлық деректер тек арнайы прокурорлардың өндірісіндегі істер бойынша ғана өткендер, – деді Ризабек Ожаров.

Оның айтуынша, тергеу болған оқиғалардың қалай болғанын анықтай жатар. Бастапқы кезеңде наразылық білдірушілер өздерін бейбіт ұстаған. «Ол жерлерде қарапайым қызығушылық танытқандар, өтіп бара жатып көре салғандар көп болған. Аяғы тәртіпсіздікке айналады деп ешкім ойламаған. Алайда кейіннен олардың арасына қылмыстық элементтер мен бұзақылар қосылды», – дейді спикер.

ЭКСТРЕМИЗМНІҢ АЙҚЫН БЕЛГІЛЕРІ АНЫҚТАЛҒАН

Бас прокуратура өкілінің айтуынша, бұл жағдайда саяси экстремизмнің айқын белгілері анықталған. Сонымен бірге, кейбір қоғам белсенділері осы толқынға еріп, наразылық білдіруге тырысқан.

– Елді жаппай тәртіпсіздіктерге итермелеп, оған белсенді қатысқан негізінен экстремистік ұйымның мүшелері еді, – дейді ол.

Ұлттық қауіпсіздік комитеті мемлекетке опасыздық жасау және билікті күшпен басып алу әрекеті туралы қылмыстық істерді тергеуде. Ұлттық қауіпсіздік мүддесінде қылмыстық істерді тергеудің егжей-тегжейлері ашылмайды.

– Алматы қаласының, Алматы және Қызылорда облыстарының ҰҚК департаменттерінің лауазымды тұлғалары да әрекетсіздік танытқан. Күштік құрылымдардың бірқатар басшылары құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуге тиіс арнайы бөлімшелерінің іс-әрекеттеріне әдейі тосқауыл қоюы мүмкін екені жоққа шығарылмайды. Аталған фактілер бойынша арнайы прокурорлар сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізуде. Сонымен қатар Ұлттық қауіпсіздік комитеті мемлекетке опасыздық жасау және билікті күшпен басып алуға әрекет жасау бойынша қылмыстық істер тергеліп жатыр. Бүгінде ҰҚК-нің бұрынғы төрағасы мен оның екі орынбасары қамауға алынды. Қызмет бабын асыра пайдаланды деген күдікпен ҰҚК «А» арнайы мақсаттағы қызметі директорының бірінші орынбасары және осы қызметтің орталық басшысы ұсталды. Қылмыстық іс «аса құпия» санатына жатқызылған, сондықтан ұлттық қауіпсіздік мүддесі үшін тергеу деректерін жария етуге болмайды», – деп спикер қысқаша атап өтті.

Арандатушылардың түпкі мақсаты билікті күшпен басып алу болды. Бүгінде тұтқындалғандардың арасында тыйым салынған экстремистік қозғалыстардың 35 мүшесі бар. Мысалы, Алматыда деструктивті діни ағымның қылмыстық бағыттағы мүшелері тобы ұсталды. Ұсталған кезде қолдануға дайын атыс қаруы табылды.

– WhatsApp және Telegram арқылы, әсіресе 4-5 қаңтар күндері тәртіпсіздіктерге қатысушылардың жиналу орындарын, қозғалу бағыттарын үйлестірген қазақстандық чаттар айқындалды. Мысалы, Алматы қаласында санаулы сағаттың ішінде бір мессенджерге қатысушылар саны 140-тан 5,5 мыңға дейін өсті. Осыған ұқсас Жамбыл облысында – чатқа қатысушылар саны 4 мыңға дейін жеткен. Сөйтіп қысқа уақыт ішінде жиналған адамдар басқыншы топтарға айналған. Ұйымдасқан топтар зорлық-зомбылық жасау кезеңіне еліміздің әр аймақтарында бір мезгілде көшкен. Біразы дүкендерді талқандап, тонаумен айналысқан. Олар тіпті тұрғын үйлердің бірінші қабаттарында орналасқан үй-жайларды өртеп жібермек болған. Тек тұрғындардың жанқиярлық тойтарыс беру әрекеттері ғана бұдан да ауыр зардаптар мен көптеген құрбандардың алдын алған. Дәл осы уақытта басқалары ланкестік шабуылды жалғастыра берген. Олар айтарлықтай көп адам жинап, арматура, таяқ, кірпіш, тас және Молотов коктейльдерімен қаруланған. Оларға ғимараттарды өртеу үшін автомобиль дөңгелектері мен бензин жеткізілген. Одан кейін, айтарлықтай сандық артықшылықты пайдалана отырып, қоршауларды бұзып, өңірлердегі биліктің нышаны ретіндегі әкімдіктер ғимараттарын басып алуға кіріскен. Олар қаружарақ қоймаларын басып алып, атыс қаруын алу үшін полиция ғимараттарына шабуыл жасап, соққыш ретінде қауіпсіздік күштерінен тартып алынған арнайы техника мен көліктерді, басқа да құралдарды пайдаланған. Ұрланған қаружарақты, азық-түлік пен ауызсуды бүлікшілерге жеткізу және тарату амалдарын ұйымдастырған. Қару-жарақтың бүлікшілерге қалай жеткізілгенін әлеуметтік желілерде кеңінен тараған видеолардан көруге болады», – деді Ризабек Ожаров.

МЫҢДАҒАН ҚАРУ БҮЛІКШІЛЕРДІҢ ҚОЛЫНА ТҮСТІ

1,5 мыңнан астам қару «Қасіретті қаңтардағы» тәртіпсіздік кезінде бүлікшілердің қолына түсті. Сонымен қатар 1600-дей данасы қару-жарақ дүкенінен ұрланды. Тәртіп сақшылары тек соның жартысын ғана таба алды. Дегенмен әлі де бұл арсеналды табу бойынша іздестіру жұмыстары жүргізілуде.

– Өкінішке қарай, мемлекеттің және қоғам қауіпсіздігінің мүддесіне қайшы іс-әрекет болды. Қызметкерлер ешқандай қарсылық көрсетпестен Алматы және Жамбыл облыстарының Полиция департаменттерінің ғимараттарын қаружарақ, оқ-дәрімен бірге тастап кеткен. Нәтижесінде бүлікшілер 1,5 мыңнан астам үлкен арсеналға ие болған. Олардың ішінде гранатомет, пулемет, автомат, тапаншалар мен гранаталар бар. Мұның барлығы аңшылық дүкендерден ұрланған қаруларды есептемегенде. Әзірге 967 дана қару табылды, қалғандарының қайда екені әлі де белгісіз. Полиция оларды іздестіріп жатыр», – деді спикер.

Осылайша, жоғалған қару әлі күнге дейін белгісіз адамдардың қолында кеткен. Қазір полиция оны анықтау бойынша тергеу жұмыстарын жүргізуде. Ал жалпы табылған қарудың 723 қызметтік қару болса, 244-і қару-жарақ дүкендеріне тиесілі.

Сонымен қатар ІІМ Тергеу департаментінің бастығы Санжар Әділов тұрғындарға арандатушылыққа бой алдырмау, тек ресми ақпарат көздеріне ғана сену және қауесет таратпауға шақырды. Оның сөзіне қарағанда, ақпараттық кеңістікте оқиғалар бұрмаланып беріліп жатыр. Митингілердің бейбіт сипаты мен құқық қорғау күштерінің заңсыз әрекеті туралы түрлі қауесеттерге жол беріліп, билік қабылдаған шешімдердің беделін түсіру, ең бастысы жаппай тәртіпсіздіктердің ұйымдастырушылары мен қатысушыларын жауапкершіліктен бойтасалауы үшін жасалып жатқаны да аңғарылып жатыр.

Сондай-ақ спикер қызметтік өкілеттіктерін теріс пайдалану және билікті асыра пайдалану бойынша әрбір шағым жіті тексерілетінін жеткізді. «Әрбір шағымға ІІМ жеке қауіпсіздік қызметі мен арнайы прокурорлар тексеру жүргізеді. Ұлттық алдын алу тетігі мен қоғамдық бақылау комиссиялары өкілдерінің барлық арнайы мекемелерге кедергісіз қолжетімділігі бар», – деп түсіндірді. Ал жаппай тәртіпсіздікте ұсталған және қамауға алынған қатысушылардың кінәсі заттай дәлелдемелермен, бейнебақылау камераларының жазбаларымен, куәлардың айғақтарымен толық дәлелденеді. Қазір қылмыс жасады деген күдік бойынша уақытша ұстау абақтысына 887 адам ұсталып, оның 789-ы қамауға алынған. Олардың 205-і бұрын қылмыстық жауапкершілікке тартылған, оның ішінде 8-і іздеуде жүрген адамдар.

Бүлікшілер бейбіт тұрғындар мен өтіп бара жатқан адамдарды өздерінің соңынан еруге мәжбүрлеген. Бас прокуратураның арнайы прокурорлар қызметінің бастығы Ризабек Ожаров Алматыда қарақшылар көлігін бермей қойғаны үшін белгілі музыкант, продюсерді атып тастағанын тілге тиек етті. «Тіпті, дәрігерлерге шабуыл жасап, 46 жедел жәрдем, 551 полиция көлігін қиратып, 5 өрт сөндіру машинасын өртеп жіберген. Осы іс-қимылдардың барлығы, соның ішінде әкімдіктердің, Президент Резиденциясының, ҰҚК, полиция және басқа да объектілер ғимараттарын қарулы басып алу үшін шабуыл жасау заң жүзінде терроризм актісі болып саналады. Олар халық арасында үрей мен қорқыныш тудыруды, Үкімет пен басқару органдарының қалыпты жұмысын істен шығаруды көздеген. Бейбіт шерулер ешқашан мұндай әрекетке бармас еді. Заңға бағынатын адамдар бұл уақытта үйде отырды. Кейбір саналы азаматтар тұтқынға түскен және жараланған қызметкерлер мен әскерилерге көмек көрсетіп, оларға тобырлардың тиісуіне жол бермеді», – деді спикер. Оның айтуынша тәртіпсіздіктердің ең қызу кезеңінде де тәртіп сақшылары қару қолданбаған. Ауруханаға түрлі жарақаттармен 3 393 қызметкер жеткізілген. Олар қызметтік және әскери міндеттерін атқарып, құқықтық тәртіп пен тыныштығын қамтамасыз еткен.

Назгүл ЕРЖАНҚЫЗЫ

aikyngazeti@gmail.com www.facebook.com/aikyn.kz @aikyngazeti

Оффшордағы ақша орала ма?

(Басы 1-бетте)

Дәулет АСАУ

Айтса айтқандай, қаңтар дүрбелеңі кезінде ел аумағынан ақша алып шығу әрекеттері жиілеген. ҰҚК Шекара қызметі аймақтық бөлімі таратқан мәліметте 24 және 31 қаңтар аралығында елден заңсыз ақша шығармақ болғандардың жолы кесілгені айтылады. Тек бір апта көлемінде мұндай 24 дерек тіркеліп, шетелдік валютадағы 311 526 967 теңге тәркіленген. Мұндай фактілер Нұр-Сұлтан, Алматы, Ақтау, Түркістан және Өскемен қалаларында тіркелген. Материалдар Экономикалық тергеу қызметі мен мемлекеттік табыстар органына жіберілді. «ҰҚК Шекара қызметі шетелге шығатын азаматтарға ақшаны алып шығу кезінде заңды бұзбауды және қаржыны мағлұмдау керегін еске салады», – делінген ведомство таратқан хабарламада.

Ал Global financial integrity халықаралық ұйымының мәліметінше, 25 жылда республика аумағынан шетелдік оффшорларға шамамен 140-160 миллиард АҚШ доллары шығарылған, бұл республиканың біржылдық жалпы ішкі өніміне немесе оның сыртқы қарызына пара-пар қыруар сома. Ол ақшаның қаншалықты көп екенін көзге елестету үшін мынадай мысал келтіре кеткен жөн:160 миллиард доллар – бұл Қазақстанның үш Ұлттық қорының мөлшерімен бірдей. Ол төрт республикалық бюджеттен көп. Осы ақшаға Назарбаев интеллектуалдық мектебі стандартымен 9 мың мектеп салуға немесе бір және екі бөлмелі 4 миллион пәтер сатып алуға болады, нәтижесінде қазақстандықтардың тұрғын үй мәселесін біржолата және түбегейлі шешіп тастар едік. Ал Қазақстан Құрылысшылар одағының ақпары бойынша, бүгінде республикада 2 миллион адам баспанаға мұқтаж.

Өздеріңіз байқап отырғандай, бай-бағландар шетел асырған қаржыны елге әкелсе, талай мұқтаждық өтелер еді. Алайда халыққа керек болған қайран ақшаның тағдыры атқамінерлерді онша толғантпайтын сияқты. «Қазаннан қақпақ кетсе, иттен ұят кетеді» деген сөз осындайда айтылса керек. Өйткені есепсіз, сұраусыз ұрланған миллиардтарды іздеп жүрген құзырлы органдар туралы еміс-еміс естігенімізбен, оның қайтымы туралы фактіні кездестірмедік. Бейқамдықтың кесірінен есепсіз миллиардтар шекара асып, шетел банктеріне барып «шөгіп» қалып жатыр.

«Ақша оффшорға әртүрлі әдістермен жылыстатылады. Оның үстіне капитал қозғалысына бақылау орнату кейінгі жылдары ғана қолға алынып отыр. Ал оған дейін кез келген адамның өзінің банк есепшотынан басқа шотқа кез келген соманы аударуына тыйым салынбаған. Ешкімде ешқандай органның жұмысы болған жоқ. Сондықтан осы уақыт ішінде Қазақстанның біржылдық ЖІӨ-не парапар соманың шетелге шығарылғанына таңданудың еш реті жоқ. Әлбетте, жоғары биліктегілер қаржы саласында қандай ойындар жүріп жатқанын білді, тек оған көз жұма қарады»,– дейді қаржы сарапшысы Арман Бейсембаев.

Оффшордағы ақша – құмға сіңген су емес, оның қайдан шығып, қайда барып тұрақтағанын тауып алу қиынға соқпас. Байшыкештер ақшаны қаппен, көлікпен, вагонмен тасыған жоқ. Ақшаны банк арқылы нақты деректемесі бар есепшоттан аударады. Цифрлық операцияның ізі жоғалмайды. Транзакцияның дерегі қалады, оның тарихы, күні қойылады. Ниет болса, оны табудың еш қиындығы жоқ. Ал оны елге қайтару – іздеп табуға қарағанда анағұрлым машақаты көп.

Бас прокуратура бес жыл бұрын оффшорға кеткен сома 100 миллиард теңгеден немесе 230 миллион доллардан асты деген ақпарат таратқан еді. Қазір бұл сома бес жылғы мөлшерден 700 есе (!) өскен. Осыдан-ақ бұл процестің жылдар бойы үздіксіз жалғасып келе жатқанын көруге болады.

ТЫЙЫМ САЛЫНБАҒАННЫҢ БӘРІНЕ РҰҚСАТ ПА?

Депутаттар соңғы жылдары «Панама тізімі», «Жұмақ құжаттары» («Райское досье») және Швейцария банктеріндегі қазақстандықтардың шоттарына қатысты бірнеше рет мәселе көтергенін білеміз. Оффшордағы ақшаның әшкере болуы көп жылдар бойы салықтық жеңілдіктердің игілігін көріп келген салық айлағын пайдаланушылардың мазасын кетірді. Оффшорды жекелеген байшыкештер, көптеген компания мен тіпті кейбір мемлекеттер өздерінің экономикалық саясатының маңызды құралы ретінде қолданады.

Елдар ҚАБА *(коллаж)*

«Жемқорлыққа қарсы күрес туралы» және «Мемлекеттік қызмет туралы» заңдарда мемлекеттік органдардағы немесе квазимемлекеттік сектордағы лауазым иелерінің шетелде шоттарының және активтерінің болуына ешқандай шектеу қойылмайды. Шенеунік есепшотын Эмираттан аша ма, Панамадан аша ма, өз еркі. Тек мемлекеттік қызметкерлердің тікелей кәсіпкерлік қызметпен айналысуына және бизнесті басқаруына ғана тыйым салынған. Рас, шенеуніктер декларацияда шетелдегі мүліктер мен қаражатын көрсетуге міндетті. Алайда шенді-шекпен оффшорды түрлі құйтырқы амалдар арқылы нақ сол ұрланған қаржыларын бүркемелеу үшін ұтымды пайдаланады»,– дейді экономист Тимур Исаев.

Сондай-ақ ұлттық компаниялардың оффшордан әлдебір құрылымдық бөлімшесін ашып, қандайда бір мәміле жасауына шектеу қойылмаған. Мәселен, Қазақстанның стратегиялық активтерінің бірі – Солтүстік Каспий жобасындағы үлесі Cooperative KazMunaiGaz U.A-ға тиесілі KMG Kashagan B.V компаниясының атына тіркелген, бұл екі заңды тұлға да Нидерландта тіркелген. Сондай-ақ Каспий құбыры консорциумының Қазақстанға тиесілі бөлігіне АҚШтың Делавер оффшорлық штатында тіркелген Kazakhstan Pipeline Ventures компаниясы иелік етеді. Мұндай мысалдар көп.

Экономист Тимур Исаевтың айтуынша, қолданыстағы салық заңнамасында «оффшор» деген ұғым жоқ, оның орнына «салықтық жеңілдігі бар мемлекеттер» деген термин қолданылады. Қаржы министрінің ертеректегі бұйрығымен мұндай 60 мемлекеттің тізімі бекітілген. Олардың ішінде Панама, Кариб және басқа да аралдық мемлекеттер, Монако, Ливан, Лихтенштейн, Филиппин, Гонконг, Черногория, бірқатар американдық, француздық және британдық аймақтар бар. Тізім табыс салығы 10 пайыздан төмен және актив иесінің аты-жөні мен байлығы құпия сақталатын мемлекеттер бойынша жасалған.

Сондай-ақ «Қылмыстық жолмен тапқан және терроризмді қаржыландыруға арналған кірісті заңдастыруға (жылыстатуға) қарсы тұру туралы» заң бойынша да оффшорлардың тізімі бекітілген. Аталған заң аясында оффшор аймағында тіркелген, тұратын жеке және заңды тұлғалардың ақша аударымдарына қаржылық мониторинг жүргізіледі. Бірақ қаржылық операцияларға қатысатын бірнеше заңды тұлғалардың тізбегін құру арқылы заңның бұл талаптарын оп-оңай айналып өтуге болады. Ондай компаниялар оффшор елдерде де, Қазақстанда да жариялы түрде еміне-еркін жұмыс істеп отыр.

Жалпы, кез келген оффшор екі мақсатты көздейді – салықтық жүктемені азайту және жекеменшіктің құпиялығын сақтау. Бұл екі шарт та ел экономикасы үшін тиімді емес, ал меншік иелері үшін ол таптырмас олжа. Сондай-ақ ақшамүліктің құпиялылығы мемлекеттік немесе квазимемлекеттік сектордағы лауазымды тұлғаның активтері туралы шынайы мәлімет алуға кедергі келтіреді. Бұл мемлекеттің әділ заң үстемдігі принципіне шіркеу түсіріп, қоғамда жемқорлық кеселін одан бетер ушықтырып жіберуі мүмкін. Әрі бұл ақша Қазақстанның емес, шетелдердің экономикасына қызмет етіп жатыр.

РАҚЫМШЫЛЫҚ НАУҚАНЫНЫҢ НӘТИЖЕСІ ҚАНДАЙ?

Бай-бағландардың шетелдерге жасырған ақша мен мүлкін әкеліп, ел игілігіне жарату үшін Қазақстанда үш рет рақымшылық науқаны жарияланды. Соның арқасында мыңдаған азаматтар ақша қаражатын заңдастырып, бар табысын ақша түрінде көрсетуге, жылжымайтын мүліктерін көлеңкелі айналымнан шығаруға, оны жариялауға мүмкіндік алды.

Ең алғаш рет капиталды заңдастыру қолға алынған 2001 жылы небәрі 480 миллион долларға жуық қаражат жиналды. Жария ету науқаны бір айға созылды. Рақымшылық нәтижесінде сол жылы 3 мыңға жуық азамат 480 миллион долларын жария етті.

Екінші науқан 2006-2007 жылдары өткізілді. Ол кезде рақымшылық шарасына тек ақша ғана емес, жылжымалы және жылжымайтын мүлік те ілікті. Сондықтан бұл процесс созылмалы сипатта жүрді. Әуелгісінен ерекшелігі сол, азаматтар заңдастырылған мүліктің құнынан 10 пайыз мөлшерінде салық төледі. Нәтижесінде, 845 миллиард теңге, яғни 7 миллиард долларға жуық дүние-мүлік заңдастырылды. Оның ішінде ақшалай сома – 538 миллиард теңге, ал жылжымайтын мүлік – 236 миллиард теңге. Алымнан шамамен 60 миллиард теңге ел қазынасына түсті.

Үшінші, 2014-2016 жылдардағы рақымшылық науқаны тіпті 2 жылға созылды. Заңдастырған ақшаны жинақ шоттарында 5 жыл ұстауға, одан нарықтық мөлшерлемемен сыйақы алып тұруға мүмкіндік берілді. Үкімет бұл жолғы заңдастырудан 12 млрд доллар шамасында қаржы түсіруді жоспарлап қойған еді. Алайда күткен нәтижеге қол жеткізе алған жоқ, әйтсе де заңдастырылған сома аз емес – 4,1 трлн теңгені құрады (9,5 млрд доллар).

Жалпы, көлеңкелі экономиканы ауыздықтау үшін жария ету науқанын жаһан жұрты да жиі жасап тұрады. Өйткені бұл бізге ғана емес, бүкіл әлемге ортақ мәселе. Әлбетте, әр елдің жүзеге асыру тетіктері түрлі болғанымен, діттегені бір.

Мәселен, заңдастыру АҚШ тарихында 1982 жылдан бері бар. Бүгінге дейін 62 рет өткізілді. Ал Үндістанда 5, Португалияда 4, Франция, Аустрия және Ирландияда 2 рет жүргізілді. Әлемдік тәжірибеде ең сәтті заңдастыру науқаны 2006 жылы Италияда тіркеліпті. Мемлекетке тек салық ретінде 25 миллиард еуро түскен. Ал Грузиядағы шара нәтижесіз өткен. Бар-жоғы 8-ақ адам құжат тапсырып, небәрі 35 мың АҚШ доллары жарияланған.

Сөз соңы. Оффшордағы ақшаны жариялау арқылы адамдар ешкімнен қысылып-қымтырылмай ашық түрде тұрақты табыс тауып, қазынаға салық төлейді. Сол арқылы мемлекетке де, халыққа да көмектесе алады. Бүгінде Қазақстан үшін ең маңыздысы – азаматтардың әл-ауқатын арттыру. Егер «Қасіретті қаңтардағы» қантөгісті оқиғалардың туындауына жанама түрде болса да елдегі бай-кедей табысы аражігінің алшақтығы, әлеуметтік әділетсіздіктер түртті болғанын ескерсек, бұл проблема Қазақстан үшін әлі де көкейкесті болып қала бермек.

Қауқарсыз қалған құрылым

Қазақстандық полицияның оң имиджін қалыптастыру үшін атқарылып жатқан жұмыстар аз емес. Әйткенмен, бұл бағытта қанша жерден жұмыс жүргізілгенімен, құқықтық саясаттың жоспарға сай жүзеге аспағанын соңғы оқиғалар көрсетіп берді. Әлеуметтік жағынан артықшылығы аз мамандыққа білікті кадрларды ұстап тұру мүмкін бе? Ал бұған дейін айтылып жүрген «құқықтық мәдениет» пен «халыққа жақын полиция» қағидатының іске аспауына не кедергі? Бүлік кезінде біліктілігін көрсете алмаған күштік құрылымға қандай реформа керек?

Жадыра МҮСІЛІМ

Әсел БАЛТАҚЫЗЫ *(коллаж)*

Жақында Мемлекет басшысы күштік құрылымдардың санын арттырып қана қоймай, жауынгерлік дағдылары шыңдалған, қорғаныс пен шабуылдаудың тиімді құрал-жабдықтарымен жабдықталған қосымша жасақ құру керегін айтты. Сондай-ақ арнаулы бөлімше қызметкерлерінің жалақысын арттырып, полицейлердің құқықтық қорғалуын арттыру да кезек күттірмеу керегі тапсырылды. Саладағы қордаланып қалған мәселенің түйінін тарқату үшін бұдан бұрынғы қабылданып кеткен шикі жүйелерді қайта қарау керек пе? Өйткені осы жылдарға дейін қос палата мақұлдап жіберген кейбір реформалардан кейін құрылымдағы кадр жеткіліксіздігі 10 пайыз құрайды. Бұдан бөлек, өз еркімен ішкі істер сапынан басқа күш құрылымдарына немесе азаматтық ұйымдарға кету жағдайы жиілеген. Мәселен, былтырдың өзінде ғана құқық қорғау саласынан 2,5 мыңнан астам қызметкер өз еркімен кеткен.

БАСПАНА ЖАЙЫ БАС ҚАЙҒЫ

Полиция қызметкерінің оң имиджін көтеріп, оларға деген азаматтардың құрметі мен сенімін арттыру – өзекті мәселе. Парламент Сенатының депутаты Нұрлан Бекназаров осылай дейді. «Қазір ішкі істер органдарының қатарында аттестациялаудан өткен 72 мыңға жуық қызметкер бар. Қаңтар оқиғасында 3 000-ға жуық полиция қызметкері зардап шекті, 6 полиция қызметкері қаза тапты, 100-ден астамы әртүрлі деңгейдегі дене жарақатын алды. Бұл полиция қызметкерлерінің жоғары кәсіби дайындығын қамтамасыз етумен қатар, бұл бағытта нақты шаралар қабылдау қажеттігін көрсетті», – дейді депутат. Айтуынша, полицейлердің жалақылары да, әлеуметтік кепілдіктері де көңіл көншітпейді. Сол себептен құқық қорғау сапынан білікті кадрлар кетіп жатыр. Мәселен, бүгінде ішкі істер органдарындағы ең төменгі жалақы өзге құқық қорғау органдарына қарағанда 2 есе төмен. «Сондықтан ішкі істер органдары қызметкерлерін материалды ынталандыру мақсатында қызметкерлерді қаржылық және материалды қамтамасыз етуді теңестіру, бағаның және инфляцияның өсуін ескере отырып, жалақысын арттыру, сондай-ақ лауазымдық айлық ақыларының қажетті ең төменгі шегін нормативтік бекіту мәселесін қарау қажет», – дейді Нұрлан Бекназаров. Оның сөзінше, қызмет атқару кезеңінде мұқтаж қызметкерлерді тұрғын үймен қамтамасыз ету заңмен айқындалса да, ішкі істер органдарының ведомстволық тұрғын үй қоры жоқ. Сол үшін қызметкерлерге тұрғын үйді жалдау үшін өтемақы төленеді. Оның өзінде бұл төлемді барлық қызметкер ала алмайды. Өйткені тұрғын үй төлемдерін алу үшін қызметкерлердің жекелеген санаттарының тізбесін Үкімет айқындайды. Салдарынан саптағы сарбаздардың 28 пайызға жуығы баспанаға мұқтаж. Ішкі істер органдарының барлық салалық бөлімдерінің қызметкерлері қоғамға қауіпқатер төндіретін төтенше жағдайда тең қызмет атқаратынын ескерсек, олардың жекелеген санаттарын тұрғын үй төлемдерімен қамтамасыз етудегі мұндай таңдау тәсілі кадрлардың тұрақтамауына, жауапкершілік пен ынтаның төмендеуіне және ұжымдағы ішкі ахуалға да әсер етеді. Депутат 2009 жылдан бері құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне 3 739 теңге көлемінде коммуналдық шығындарды өтеу қарастырылғанын айтады. Алайда қазіргі коммуналдық қызметтің құны орта есеппен 20 мың теңгені құрайды, ал өтемақы мөлшері жылдар бойы қайта қаралмаған. Сенатордың айтуынша, Үкімет ең алдымен ішкі істер органдарының барлық санаттағы қызметкерлеріне лауазымына қарамастан тұрғын үйді жалдағаны үшін өтемақы төлеуді қамтамасыз етіп, жылдар бойы өзгертілмеген коммуналдық шығындарды өтеуді қайта есептеу мәселесін қарау керек.

КАДРДАН ҚАДІР КЕТТІ

Соңғы жылдары ішкі істер органдарын қайта жасақтау, штат санын қысқарту сәнге айналды. Құдды күштік құрылымға оңтайландыру мен жаңғырту енгізу еріккеннің ермегіне айналғандай. Бірақ өзіндік бағыты қалыптасқан жүйені өзгертуден өзгеріп, оңтайланып кеткен күштік құрылымды көрмедік. Керісінше, сыннан көз ашпайтын құқық қорғау қызметкерлерінің біліктілігі жиі айтылады. Бұған дейін реформаторлардың қысқарту туралы ойын құп алған депутаттар қазір күштік құрылымның сапындағы білікті кадрлардың жоқтығын өздері көтеріп жүр. Соның бірі – министрлікке тиесілі 12 оқу орнының 5-ке дейін қысқартылуы.

Отставкадағы полиция генерал-майоры, профессор Мирлан Қызылов қазақстандық полицияға жасалған қастандықтың басы күштік құрылымдарға тиесілі оқу орындарын қысқартудан басталғанын айтты. 30 жылын полиция офицерлерін даярлауға арнаған ол «Егер қысқарту болмағанда кешегі жаппай тәртіпсіздік кезінде ІІМ-нің Ш.Қабылбаев атындағы Қостанай академиясы – 1 000, М.Есболатов атындағы Алматы академиясы – 1 000 және Ақтөбе заң институты 1 000 кәсіби шыңдалған, төзімділікке үйретілген, батыл курсантын сапқа қоюға дайын болар еді», – дейді. Оның айтуынша, ведомстволық білімді оңтайландыру нәтижесі опық жегізген. Шикі жүйені дайындағандар мен қабылдап жібергендер күштік құрылымдағы кадр тапшылығының артуына себеп болды. «Қаулының 3-тарауы 17-тармақшасында «ІІМ оқу орындарын 5 заманауи полиция академиясы етіп қайта құру арқылы оңтайландыру» дей отырып, «Қаржыландыру көзі және болжанатын шығыстар» деген бөлігінде «қаражат талап етілмейді» деп бекіткен. Заманға сай жабдықталмаған құрал-жабдық болмаса, заманауи академияда білікті кадрларды дайындай алмаймыз. Қазір учаскелік полиция инспекторы мен жедел іздестіру уәкілдерін 3-6 айда дайындаймыз. Ресейде 5 жыл оқытады. Бізде ІІМ арнаулы оқу орнында 4 жыл оқитын курсанттың қызметтік қаруды атуға дағдылануына шамамен «Макаров» тапаншасымен – 513, ал «Калашников» автоматымен небәрі 243 оқ беріледі. Ал 3 айлық алғашқы кәсіби дайындығында қанша оқ-дәрі жұмсалады? Ол полиция қызметкері тиісті кәсіби біліктілік иеленбейді», – дейді Мирлан Қызылов.

ҚЫЗМЕТКЕРДІҢ ҚҰНЫ КӨК ТИЫН

Ішкі істер органдары қызметкерлерінің әлеуметтік құқықтық кепілдіктері тіпті күлкілі. Қазір казармада тұратын ұлдар 1 курс – 9 472 теңге, 2 курс – 9 472, 3 курс – 16 436, 4 курс -16436 теңге стипендия алады. Курсанттар қызметтік міндетін атқарып жүргенде қаза тапса немесе мертіксе асырауындағы адамдар мен мұрагерлеріне оның соңғы атқарған лауазымы бойынша 60 айлық ақшалай қаражаты мөлшерінде біржолғы өтемақы төленеді. Сонда 1-2-курсантының құны – 568 320 теңге. Ресейде 3 000 000 рубль, теңгеге шаққанда 17 040 000. Саптағы қызметкерлердің де өмірі айлық көрсеткішпен есептеледі. Ал өмір сүру деңгейі бойынша әлемнің 115 елінің тізімінде 110-шы болып тұрған Таиландтың өзінде жергілікті полиция қызметкеріне екі жыл қызмет еткен соң пәтер береді. Ерлігімен есте қалған Бақытжан Бәкіров өз өмірін қатерге тігіп, күдіктіні ұстау үшін 13 қабаттан секірді. Абырой болғанда аман қалды. Ал міндетіне мінсіз берілген сол қызметкер көпбалалы отбасы ретінде алған баспанасы болғаны үшін мемлекет ай сайынғы өтемақыдан қағады. Заң бойынша барлығы дұрыс. Бірақ қылмыскерді ұстау үшін көзсіз ерлікке барған қызметкерге өтемақы емес, бір баспана беруге Үкіметтің шамасы жетер еді. Өкінішке қарай, бізде қаза тапқан немесе мертіккен жағдайда берілетін кепілдіктің өзі күлкілі. Жарақатына байланысты қызметін жалғастыра алмаса, біржолғы өтемақы беріледі. Бірінші топқа – 30 айлық, ІІ топқа – 18 айлық, ІІІ топтағы мүгедекке 6 айлық ақшалай қаражат қарастырылған. Ал ерлікпен қайтыс болған қызметкерлердің балаларына грант бөлу туралы өзгерісті Білім және ғылым министрлігі әлі де пысықтап жатыр.

ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУШЫЛАР НЕГЕ ӨЗІН ҚОРҒАЙ АЛМАЙДЫ?

Осы жылдар ішінде қызмет бабында 905 полицей қаза тауып, 5 167-і жараланған. Бейбіт күнде осынша қызметкер қауіпті қылмыскерлердің қолынан қаза тапты. Себебі біздің елде полицейлердің құқықтық қорғалуы қамтамасыз етілмеген. Сол үшін билік өкілдеріне шабуыл жасау мен заңға бағынбайтындар үшін жауапкершілікті күшейту қажет. Мәселен, «Құқық қорғау қызметі туралы» заңы құқық қорғау қызметкерлерінің құқығын шектейді. Ресейдің «Полиция туралы» заңы полиция қызметкерінің атыс қаруын қолдануға құқылы екенін заңмен белгілеп береді. Заңдық тұрғыдан да, құрылым тарапынан да қолдау болмаған соң полиция қызметкерлері өз бетінше шешім қабылдауға, батыл қадам жасауға дәрменсіз. Оның үстіне, қызмет барысында әрекеті сыналып, көпшілік талқысына түскен қызметкерлерін министрлік қорғамақ түгілі, «алдын ала» жұмыстан шығарып, «керексіз» адамнан бас тартатынын көріп жүрміз. Осыдан кейін полиция қызметкерлінен үлкен ерлік күту, жоғары рух дәмету қисынсыз. «Заң атымен» деген сөздерді естіген азамат полицияға сөзсіз бағынуы керек. «Ал кешегі жаппай бұзақылық пен тәртіпсіздік кезінде «сөзсіз бағынудың» көрінісін көре алмадық. Өздерін ұрды, өлтірді. Қоғамнан да заң алдында адамдар теңдігін айшықтап айтатын уақыт жетті. Қоғамда жоқ нәрсені полициядан қалай талап етеміз? Бұл сөзге бағынбайтын болса, мемлекет атынан берілетін мәжбүрлеу шарасына дайын болу керегін түсіндіру керек», – дейді Мирлан Қызылов. Мәселен, Ресейде бүлікшілер полицейлерге 100, 10, 3 метр жақындаса қару қолданады. Ал АҚШ-та полиция көлікті тоқтатқанда қолын көлікке қойып тұрмаса, бірден атады. Өйткені оған қауіп төнуі мүмкін. Біздегі жағдайда полиция емес, қылмыскер бірінші шабуыл жасауға мүмкіндік береді.

Өкінішке қарай, дипломы ішкі істер саласының қызметіне бейімделмеген мамандарын таңдап, жыл сайын мамандандырылған оқу орындарын бітіретін білікті кадрлардан бас тарттық. Сол үшін қармақсыз балық аулауға бет бұрған солақай реформаторлардың кадр дайындауда кеткен қателігі сараланып, күштік құрылым қызметкерін құқықтық қорғалуын қамтамасыз ету керек-ақ. Бұдан бөлек, жүрек қалауымен күштік құрылым сапына келгендерді АҚШ, Еуропа, Таиланд, Ресейдегідей мәртебесі мен материалдық қолдауын заңмен айқындап берсе, антына адал, міндетіне мінсіз қызметкерлер көбейер еді.

Әсел БАЛТАҚЫЗЫ (коллаж)

АУАДАН «АҚША» ЖАСАП ОТЫР

Инстаграмды ашып қалсаң, ақша табуды үйретіп жатқан жандар. Олардың ішінде жақсы ұстаз да, мықты аспаз да, жоғары санатты дәрігер мен шаштараз да бар. Олар өз білгендерін бөліседі. Бірақ тегін емес. Нарықта мұны «инфобизнес» деп атайды. Яғни, айтары барлар білгенін үйретуді кәдімгі кәсіп көзіне айналдырған. Ақпарат пен білім сатып, миллиондаған табыс тауып жатқан кәсіпкерлер қатары да күн санап көбеюде. Инфоөнімді кім сатып алады?

Көктем ҚАРҚЫН

Инфобизнестің біздің елге келгеніне небәрі 3-4 жылдай болды. Бұл да онлайн, оффлайн деп бөлінеді. Соңғы уақыттары оның онлайн түрі тез дамып келеді. Мұндағы негізгі өнім – ақпарат, білім. Инфобизнес арқылы миллиондар табуға мүмкіндік бар. Ресейлік «Бизнес Молодость» курсының негізін қалаушылар Мария Солодар, қазақстандық Қуаныш Шонбай, Жұлдыз Ақболат соның дәлелі. Орта есеппен алар болсақ, Қазақстандағы инфобизнесмендер айына кемінде 10-15 миллион теңге табыс табады. Бірақ бұл кәсіпті де дұрыс жүргізе білу керек. Бұл жерде адамның білімі де, ынтасы да маңызды.

Кейде курс сататындардың көбі қатысқандарға YouTube-тан видео сілтемелер ғана бере салады. Сосын инфобизнесмендердің нарықта қанша уақыт жұмыс істеп жүргендеріне де қарау керек. Өйткені қазір бәрі сатуды, уәде беруді қатырып, кейін оны орындай алмай жатады. Бұл инфобизнес нарығына кері әсерін тигізіп жатыр.

Инфобизнеспен айналысқысы келетін адам бір саланың маманы, сарапшысы болуы қажет. Мысалы, бір кісі жақсы жазушы, кітап жазады делік. Сол адамның тәжірибесін, білімін ақшаға айналдыру үшін бірінші инфопродюсер арқылы ақпаратты басқаларға жеткізу жолын ұйымдастыру керек. Әуелі үйрететін ілімді бәріне түсінікті етіп, жинақтау маңызды. Егер бір саланың сарапшысы болсаңыз және сол салада жетістігіңіз болса, көпшілікке мойындалған маман болсаңыз, инфобизнесті бастау оңай болады. Сол кезде инфоөнім аудиторияға жеңіл сатылады. Клиент белгілі бір курсты немесе кітапты сатып алмас бұрын «Авторы кім, қандай жетістікке жеткен, немен айналысады?» деген сұрақ қойып, бәріне мән береді. Адамдардың жаңа нәрсе үйренуін көздейтін бұл салаға сұраныс жылдан-жылға артпаса, кемімейді.

Инфобизнеске кітап жазу, интернетте блог жүргізу, онлайн, оффлайн курстар және жеке консультация кіреді. Мысалы, компанияларға барып, өз қызметінді, біліміңді сол жердегі мамандармен бөлісу де инфобизнеске жатады. Бізде өз ісінің шебері, саласының мықты мамандары көп. Бірақ оларда білімін сата алу қабілеті болмауы мүмкін. Сондықтан бұл бизнеспен айналысу үшін қажет екінші қабілет – біліміңді сата алу, басқаларға әдемі ұсыну шеберлігі. Әлеуметтік желіде белсенді болу да инфобизнеске ықпал етеді. Бір айта кетерлігі, инфобизнесте кей ақпараттарды сату мүмкін емес. Мысал ретінде медициналық білімді айтуға болады. Мұнда тек жылдам үйренуге болатын нақты білімді ғана сатады. Қазір кәсіп бастау, әлеуметтік желідегі маркетинг, психология туралы ақпараттар сұранысқа ие. Дегенмен инфобизнесте қамтылмай жатқан салалар да баршылық.

– Былтыр Түркияның нарығына инфоөнімдерімізді шығарып көрдік. Байқағаным ол жақта инфобизнес дамымапты. Ағылшын тілі курсын алса да, маркетинг жағына көп мән бермейді екен. Инфобизнестің Қазақстанда дамуына Ресей нарығы әсер етіп жатыр. Орыс тіліндегі ақпараттарға аудиторияның сұранысы жоғары. Көбісі өз бизнестерін ашып, бастық болуға ұмтылады. Біздің елімізде Түркияға қарағанда білім алуға деген ұмтылыс басым, – дейді инфопродюсер Мейірбек Бердібайұлы.

Нарықта сапалы курстармен қатар сапасыз курстар да қаптап тұр. Атын айғайлатып қоятын 990 теңгелік курстарды алып, жер сипап қалып жатқандар да жоқ емес. Мейірбек Бердібайұлының айтуынша, сапалы мен сапасыз курстарды ажырату үшін спикердің кім екеніне мән беру керек. Маркетингті үйрететін адам бір компанияның маркетингін жолға қойған, осы салада жетістікке жеткен болуы тиіс. Қазір психологияны үйрететіндер де көп. Ал психология бірнеше жылда ғана меңгеруге болатын сала. Оны бірнеше курсқа қатысып «білемін» деу дұрыс емес. Екінші – курстың инфрақұрылымына мән беру керек. Олардың кампустары, үйрететін жерлері мен платформасы бар ма?

– Кейде курс сататындардың көбі қатысқандарға YouTube-тан видео сілтемелер ғана бере салады. Сосын инфобизнесмендердің нарықта қанша уақыт жұмыс істеп жүргендеріне де қарау керек. Өйткені қазір бәрі сатуды, уәде беруді қатырып, кейін оны орындай алмай жатады. Бұл инфобизнес нарығына кері әсерін тигізіп жатыр, – дейді Мейірбек Бердібайұлы.

ШЫҒЫН АЗ, ТАБЫС КӨП

Шыны керек, қазір нарықта инфобизнеспен айналысатындар көш бастап тұр. Өйткені бұл саланың басқалармен салыстырғанда шығыны аз, табысы көп. Университеттегі оқуын тастап, инфобизнесте жүріп танымал продюсерге айналған Нұрбақыт Төрехановтың айтуынша, 20 миллион теңге кіріс кірген жобаның шығыны небәрі 1-2 миллион теңге болады екен.

– Инфопродюсер болып жүргеніме 3 жылдай уақыт болды. 100-ден астам сарапшымен жұмыс істедім. Инфопродюсердің негізгі қызметі – мықты сарапшылардың жұмысын нарықта сату. Көп эксперттерден ұсыныс түскендіктен, команда құрдым. Қазір айына кем дегенде 15-20 миллион теңге табыс табамын. Сарапшылармен жұмыс істегенде ең бірінші оның жеке брендін, әлеуметтік желідегі имиджін қалыптастырамыз. Жобаның шығыны жарнамаларға, баннерлер мен видео түсірілімдерге кетеді, – дейді Нұрбақыт Төреханов.

Нұрбақыт бұл кәсіптің болашағы өте үлкен екенін айтады. Біздің еліміз бұл сала бойынша Ресейге қарағанда баяу дамып келе жатқанын тілге тиек етті. Мысалы, Ресейде атқарылып жатқан жұмыстар 2-3 жылдан кейін барып Қазақстанға «жаңалық» болып келеді. Қазір қазақ инфобизнесінде қолданылып жүрген «воронка», «запуск» секілді ұғымдар Ресейде осыдан біршама жыл бұрын пайда болған. Сонымен қатар Ресей инфокәсіпкерлерінің біздікілерге қарағанда басты ерекшелігі – көп істі кәсіби түрде атқаруы. Олар ең алдымен табыстың көзін табудан гөрі адамдарға сапалы өнім ұсынуды ойлайды. Ал біздегі мамандарға кәсібілік жетпей жатады. Нәтижесінде, сапалы инфопродюсерлер саусақпен санарлықтай ғана. Алайда шамамен 4-5 жылдың көлемінде Ресей нарығымен иық тірестіруге толықтай мүмкіндігіміз болады.

ӘР ЛАЙК – КАПИТАЛ

Таяқтың екі ұшы болатыны сияқты инфобизнестің де екі жағы бар. Ауа сататындардың арбауына түсіп қалмау үшін бізге сүзгі керек. Ал ол сүзгіні тек білім ғана қалыптастырады. Инфоөнімді сатып алатындардың қатарында үйде отырған аналар мен табысы жоқ азаматтар, жай бағын сынап көргісі келетін жастар көп екен. Сондықтан да шығар, курс сататындардың көпшілігі таргетке жарнама жіберерде мақсатты аудиторияны осы топқа бағыттайды. Маркетолог Нұрсұлтан Сәдуақасовтың айтуынша, қазір жеке жарнама қатты дамып жатыр. Айталық, бір курсты сату үшін бұрынғыдай кім болса соған ұсынбайды. Ол курс қандай жастағы, қандай саланың адамдарына арналғанын зерттеп алады. Сосын әлеуметтік желі арқылы жарнама жібергенде мақсатты аудиторияға сол саланы жазатын блогерлердің оқырмандарын белгілеп көрсетеді. Яғни, бұл жерде оқырманның басқан әр лайкы – инфобизнесмендерге капитал.

– Аймағы мен жасын, жынысын да белгілейміз. Кейін сол курсқа қызыққан адамдар сілтеме арқылы өтіп: «Бағасы қанша? Қалай аламын?» деп сұрайды. Сол кезде келген клиенттерден айырылып қалмау үшін оның қызығушылығын одан әрі қарай дамытып, тірі қарым-қатынас орнатамыз. Әрбір тұтынушының өзіне ғана қызмет көрсетіп, сіз деп сыпайы қарым-қатынас танытып тұратын менеджердің өнімі өтері сөзсіз, – деді Нұрсұлтан Сәдуақасов.

Көзін тапқан адам кәсіпті де жүргізеді, табыс та табады, тек адамда қажетті білім болса болғаны. Бірақ ол білімді сатып алып, өзің біраз пайдаланған соң басқаларға қайта сату арқылы оны да кәсіпке айналдыруға болады екен.

ҚАУІПТІ ҚОҚЫС – табысты бизнеске айналмасын!

Пандемия құшағындағы соңғы 2 жыл адамзатқа денсаулықтың зор байлық екенін іс жүзінде дәлелдеді. Сын сағатында біздегі дерттің алдын алу, емдеу, сауықтыру ісінің «жүйкесі» сыр берді. Сонда да болса көпшілік бетперде тағып, вакцина салдырып қауіпті вирусқа қарсы қарекет қылып жатты. Есесіне пайдаланылған бетперделер мен вакцинадан босаған құтылар медициналық қалдықтарды талапқа сай залалсыздандыру мәселесін күн тәртібіне шығарды.

Шынболат КҮЗЕКБАЙ

Пандемия «қоқысына» қарсы күресті бүгінде әлем елдері коронавирус инфекциясының таралуына тойтарыс берумен тең дәрежеде қарастырады. Сондықтан өзгелер бейберекет шашылған бетперделер мен бірге вакцинадан босаған құтыларды талапқа сай жою ісін мықтап қолға алды. Олай болатын жөні де бар. Дүниежүзілік денсаулық ұйымы 2020 жылдың наурызы мен 2021 жылдың қарашасы аралығында әлемде 87 мың тонна жеке қорғаныш құралы пайдаланылды деген дерек таратты. Оған қоса ұйым пандемияға дейін әлемдегі медициналық мекемелердің 30 пайызында қалдықты өңдеуге арналған қондырғы болмағанына назар аударды.

ҚАТЕР ҚАЙДАН ДЕМЕҢІЗ?

Осылайша, пандемия «қоқысымен» бірге өзге медициналық қалдықтарды залалсыздандыру мәселесі де өзекті бола түсті. Ал оны шешуде әркім өзінше әрекет етіп жатыр. Дегенмен медициналық қалдықты залалсыздандырудағы қателіктің салдары адамзат үшін қымбатқа түсуі мүмкін. Оның қоршаған ортаға зардабы өз алдына бөлек әңгіме. Мамандар әдетте мұндай қалдықтарды дұрыс өңдемеу инфекцияның қайта өршуіне себеп болатынын айтады. Демек, сан түрлі дерттің дауасы табылып жатқан денсаулық сақтау ұйымдарынан шыққан қоқыстың қаупі жоғары. Өкініштісі, сол, бізде медициналық қалдықты залалсыздандыру ісіне салалық ведомстволар тарапынан тиісті көңіл бөлінбей-ақ келеді. Тіпті, қауіпті қоқысты кәдімгі қалдық полигонына, тыйым салынған жерлерге төгіп кету фактісі көп кездеседі. Сарапшылар медициналық қалдықты залалсыздандыруға жауапты мекемелердің өз ісіне жүрдім-бардым қарауының басты себебі ретінде оларға қойылатын бірыңғай талаптың жоғын атайды. Яғни, емхана, ауруханалардан шыққан қалдықты әр мекеме, нақтырақ айтқанда кәсіпкер өз білгенінше залалсыздандырады.

Салада мұндай олқылықтың бар екенін Денсаулық сақтау, Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі мойындап отыр. Заң бойынша қызметтің бұл түрі арнаулы лицензиясыз-ақ көрсетіле береді. Демек, біздегі медициналық залалсыздандырумен кім көрінген айналысады. Осыдан соң қандай сапа күтуге болады? Ал салалық министрлік қолданыстағы заңнамаға өзгеріс енгізу бойынша бастама көтерген жоқ. Былай қарасаң медициналық залалсыздандыру қолында бірер арнаулы қондырғысы бар кез келген кәсіпкер айналыса беретін табысты бизнес сияқты. Алайда бұл жұмыстардың талапқа сай жүргізілмеуі экологиялық, эпидемиялық қауіп төндіретінін ұмытпау керек, – дейді Мәжіліс депутаты Дүйсенбай Тұрғанов.

Шынында, қоршаған ортаға, адамзатқа медициналық қалдықтан келетін қауіп көп. Сала мамандары да денсаулық сақтау мекемелерінен шыққан қоқыстың 15 пайызы зиянды болатынын растайды.

Шынында, қоршаған ортаға, адамзатқа медициналық қалдықтан келетін қауіп көп. Сала мамандары да денсаулық сақтау мекемелерінен шыққан қоқыстың 15 пайызы зиянды болатынын растайды.

Мәселен, Ресейде 2000 жылдың басында сақтау мерзімі аяқталған шешек ауруына қарсы вакцинаны жоюға сала мамандары немкетті қарап, оны ауладағы қоқыс жәшігіне тастай салған. Осы бір салғырттық кесірінен әлгі вакцина салынған құтылармен ойнаған 6 бала от басып қала жаздады. 6 баланы былай қойғанда, дер кезінде алдын алмағанда құтыдағы кесел тұтас бір ауданды шарпуы да мүмкін еді. Бұған ұқсас жағдай Бразилияда да болған. Өкініштісі сол Д сыныпты медициналық қалдықты залалсыздандыру ережесінің сақталмауынан 4 адам қайтыс болды. Тағы 28 адам радиациялық күйік алған. Сол секілді әр жылдары Мексика мен Марокода, Алжирде де қауіпті қалдық қарапайым адамдардың өміріне қатер төндірген екен.

Әсел БАЛТАҚЫЗЫ (коллаж)

ҚАЛДЫҚТЫ ҚАЛАЙ ӨҢДЕЙДІ?

Еліміздегі бұл бағыттағы жұмыстар «ҚР Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» заңына сай жүргізіледі. Аталған заңда медициналық қалдықтардың қауіптілік дәрежесі бойынша 5 сыныпқа жіктелетіні көрсетілген. Атап айтқанда, А сыныбына тұрмыстық қатты қалдықтарға сияқты қауіпті емес медициналық қалдықтар жатқызылған. Сол секілді Б, В, Г, Д сыныпты қалдықтар қауіпті саналады. Сәйкесінше, оларды залалсыздандыру да осы қауіптілік деңгейіне сай жүргізіледі. Жаңадан қабылданған Экология кодексі де медициналық қалдықтарды залалсыздандыруда қоршаған ортаға зиян келтірмеуді талап етеді.

Нұр-Сұлтан қалалық Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің бөлім басшысы Чо-Зо-И Александраның мәліметінше, талап бойынша медициналық қалдықты залалсыздандыру жұмыстары денсаулық сақтау мекемелерінде басталуы керек.

Медициналық мекемеде қоқысты сыныбына қарай сұрыптап, оны арнаулы ыдыстарға салады. Мәселен, А сыныбындағы қалдық ақ түсті қаптамаға, Б сыныпты қалдық сары қаптамаға, В сыныпты қалдық қызыл қаптамаға, ал Г сыныпты қалдық ақ қаптамаға салынады.

Б және В сыныптағы медициналық қалдықтар арнайы пештерде жоғары температурада өртеледі. Б санатты сұйық қалдықты залалсыздандырылған соң канализациямен ағызып жібереді. Ал ота кезінде шығарылатын биологиялық қалдықтар арнайы ыдысқа салынып, патологоанатомиялық бюроға жеткізіледі. Онда тиісті сараптама жүргізілген соң биологиялық «қоқыс» қалалық зиратқа жерленеді, – дейді Чо-Зо-И Александра.

УЛЫ ЖАЛЫН

Алайда бұл жұмыстарға жауапты мекемелер заң талаптарына атүсті қарайтын секілді. Сөзімізге дәлел жаңа жылдың алдында ғана Атырау қаласындағы «Атамекен Эко» қоғамдық қорының экобелсенділері залалсыздандыру жұмыстарындағы талапты көз ілмеген мекемені әшкереледі. Қор төрағасы Арман Хайруллиннің айтуынша, экобелсенділер қаланы жайлаған жағымсыз иістен күдіктеніп, күмән туғызған нысанды торуылдаған.

Күдігіміз бекер емес екен. Қоршалған нысанға амалын тауып кіргенімізде онда медициналық қалдықтардың өртелгеніне көз жеткіздік. Нысандағы қызметкер де басшылардың қас қарая қалдықтарды өртеуге бұйрық бергенін растады.

Мұнда медициналық мекемелерден шыққан қоқыстар инфекциялық, онкологиялық ауруханалардан, ЖИТС орталығынан жеткізілген. Сонымен бірге COVID-19-ды анықтауға арналған тестілер, қаны бар шприцтер де болды. Жұқпалы аурулардан өлген иттердің де өлексесінен аяқ алып жүру мүмкін емес. Олар да кешкісін өртелген.

Негізінен медициналық, ветеринарлық қалдықтар ауа температурасы +1000, +2000°С-қа жететін арнайы пештерде өртелуі керек. Ал біз болған мекемеде бұл талап сақталмаған, – дейді Арман Хайруллин.

Осы бір фактінің өзінен біздегі медициналық қалдықтарды залалсыздандыру ісінің заңға қайшы тұсы көп екенін байқайсың. Қызмет ұсынушыларға қойылатын нақты талап болмаған соң олар да қоқыстан мейлінше көп ақша табуды мақсат ететіні түсінікті. Сәйкесінше мұнда жергілікті тұрғындардың саулығы, қоршаған ортаның ластанбауы сынды фактілер назардан тыс қалатыны да белгілі жайт.

Соңғы жылдары медициналық қалдықтарды залалсыздандыру ісінде қордаланған көп мәселенің шешімін крематорий салумен шешуді ұсынатын бастамалар көбейді. Әсіресе, коронавирус инфекциясының алғашқы құрбандары о дүниеге аттанған сәтте мәйітті өртеу орнының қажеттілігі айтыла бастады. Мәйітті өртеуден бөлек, отадан кейінгі биологиялық, ветеринарлық, медициналық қалдықтарды жою қызметін қоса ұсынатын мекеменің тиімділігі уақыт өте дәлелденер. Десе де, денсаулық сақтау мекемелерінен шыққан қауіпті қоқысты залалсыздандырудағы мәселе крематорийдің пайдалануға берілуімен түбегейлі шешіледі деуге болмас. Мұнда жоғарыда айтылғандай, кім көрінгеннің бірер құралымен медициналық қалдықтарды залалсыздандыру қызметін ұсынып, табыс табатындарға тосқауыл болмай, істің алға басуы екіталай.

«САПАСЫЗ ҮЙЛЕР СЕРИЯСЫ» қашанға дейін жалғасады?

Елдар ҚАБА *(коллаж)*

Өскеменде жаңадан салынған үйлердің жыры бітер емес. Бірінің қабырғасы жарылса, енді басқасының сыртқы қаптамалары қақырап, ортасынан қақ айырылып, тағы бірінің төбесі ойылып, су ағып, тұрғындардың әбден берекесін кетіріп отыр.

«БАНКРОТҚА ҰШЫРАҒЫШ» МЕРДІГЕРЛЕР

Қаланың жаңа ықшамауданы саналатын 19-ықшамаудандағы әл-Фараби даңғылындағы үйлердің бірінің төбесіндегі құбыр істен шығып, бірнеше пәтерге су кірді. «3 ақпан күні таңғы сағат 5-те шатырдағы ыстық судың құбыры жарылып, төбе тесіліп, төмендегі пәтерлерге су аққан. Бұл үйде менің сіңлім алты жасар ауыратын баласымен бірге тұрады. Аутизммен сырқаттанған баласын жалғыз өзі қарайды. Пәтерінің ішіне су жайылып, баспанасыз қалды. Комиссия келіп, көріп «шығынды есептеп, сотқа беріңдер» деп кетті. Үйін су алған сіңлім сотқа бара ма, науқас баласын қарай ма?», – дейді Эльвираның әпкесі Дамира Сәрсембаева.

Эльвира әйгілі ғалым есімін иеленген даңғылдағы үйден үш жыл бұрын ипотекаға пәтер алған көрінеді. Ай сайын 60 мыңнан алты жыл төлеуі керек. «Бұл үйге «Өрлеу» ЖК (жеке кәсіпкерлігі) қызмет көрсетеді. 1 ақпанда осы үйдің тұрғындарының бірінен жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты суық және ыстық суды өшіру жөнінде өтінім түскен. Алайда тиісті жұмыс істелген соң жертөледегі судың краны ашылып, төбедегісі ашылмай қалыпты. Салдарынан 25, 20, 15 және 10 пәтерлерді су басқан. Оқиға орнында болып, акт толтырдық» делінген осы жағдайға байланысты түсініктеме берген Өскемен қалалық тұрғын үй қатынастары бөлімі таратқан ақпаратта.

Соңғы жылдары осындай жағдайдың тым жиілеп, «банкротқа ұшырағыш» мердігерлердің көбеюі тұрғындарды алаңдатып отыр. Өткен жылғы статистикаға көз жүгіртіп көрелік. Былтыр сәуір айында «Нұрлы жол» бағдарламасымен «Қазақстандық ипотекалық компаниясы» мен «Бәйтерек Девелопмент» АҚ мұрындық болуымен бой көтерген Бауыржан Момышұлы көшесіндегі 9 қабатты үйдің қабырғасы түн ішінде ажырап кетіп, тұрғындарды бір шошытты. Бұл үйдің қабырғасындағы қаптама 2020 жылдың желтоқсан айында және 2021 жылдың қыркүйек айында тағы да ойылып кеткен болатын. «Үйге кіргеннен проблемадан көз ашпадық. Мұншама жауапсыз болуға бола ма? Қаншама адамның обалына қалып отыр. Бармаған жеріміз, қақпаған есігіміз жоқ. Үйді салған мердігердің басшысын таба алмадық. Сөйтсек, ол банкрот болыпты. Техникалық қадағалауды «AD Строй Групп» жасау керек болған. Олар бірде-бір бетке қол қоймаған көрінеді» деп мұң шаққан еді сол кезде осы үйдің тұрғыны Бақытбек Әміренов.

2021 жылдың тамыз айында шаһардың 19-ықшамауданындағы Есенберлин көшесінің бойында орналасқан 31/2 үйдің қабырғасында да жарық пайда болды. Өскемен қалалық құрылыс бөлімінің тапсырысымен салынған 5 қабатты тұрғын үй 2020 жылдың соңында пайдалануға берілген. Ал былтыр қараша айында Өскеменде қатты дауыл тұрып, жаңбыр жауғанда осы ықшамаудандағы қазақтың белгілі батыры мен танымал жазушысының есімін иеленген көшелердегі жаңа үйлер тағы да сыр берді. Ілияс Есенберлин мен Көкжал Барақ көшесіндегі екі үйдің қабырғасындағы қаптама екпінді желге шыдамады. «Білуімше, бұл үй Samruk-Kazuna construction АҚ-ның бастамасымен салынған. Барлық проблема 2018 жылы басталды. Үйіміздің қабырғасы қапталмағандықтан, жаңбыр жауғанда суланатын болды. Содан мердігерге әке-көкелеп жүріп, сайдинг шегелеттік. Олар қабырға мен сайдингтің арасына ештеңе салмай жай ғана шегелей салды. Шегелегенде біздің үйдің сол жақ қапталын ғана қымтағандай болды. Оң жағы әлі қаптаусыз тұр. Қаптамасын бастап, жартылай тастап кеткен үйлер де бар жанымызда. Жуықта түнде үдете соққан қатты жел біздің үйдің сайдингінің жұлма-жұлмасын шығарды. Бұл жерде тоғыз үй бар. Негізі, талап бойынша барлығының сырты қапталуы керек екен. Бірақ сол талап орындалмай тұр. Біздің үйді салған «Техно груп» компаниясы банкрот болған ба, атын өзгерткен бе? Әйтеуір, сайда саны, құмда ізі жоқ. Таба алмай жүрміз» деген болатын сол кезде айдың-күннің аманында қаптамасы қақ айырылған Есенберлин көшесіндегі 23/2 үйдің тұрғыны Жанар Нұғыманова.

БЮДЖЕТТЕН ҚАРАЖАТТЫҢ БӨЛІНГЕНІ ДҰРЫС ПА?

«Жау жағадан алғанда, бөрі етектен» демекші, қырсық шалғанда сапасыз салынған үйлердің мердігерлері де жауапсыз һәм «банкротқа ұшырағыш» келеді екен. Әлде әуелден осылай жоспарлай ма екен?! Амалы таусылған тұрғындар сенген мердігердің орнын сипап қалған соң қайда шағымданады? Әрине, әкімдікке. Тұрғындар жиі-жиі шағымдана берген соң облыс әкімі былтыр жыл соңында Бауыржан Момышұлы көшесіндегі сапасыз салынған үйдің жағдайын зерттеп-зерделеу үшін арнайы комиссия құрылғанын айтып: «Арнайы комиссия сметаны қайта есептеп, шешімін шығарды. Барлық құрылыс кемшіліктерін жою үшін 280 млн теңге қажет екен. Егер жыл соңына дейін компания өкілдері мәселені шешпесе, онда мен компанияны сотқа беруді тапсырдым. Өйткені мәселе заң негізінде шешілуі керек. Өз тарапымнан көппәтерлі үйдің тұрғындарына бюджеттен барлық кемшіліктерді жоюға қажетті соманы бөліп, барлық жағдаймен қамтамасыз ететінімізге сендіргім келеді. Тұрғындардың басым бөлігі үйлерін несиеге алған, сондықтан оның сапасынан зардап шекпеу керек» деп жазған болатын 9 желтоқсанда Facebook парақшасында.

МҰНЫ БІР ДЕҢІЗ

Екіншіден, биыл қаңтар айында Өскемен қаласының әкімі Жақсылық Омар бұған дейін тұрғындардың мазасын қашырған Қазыбек би даңғылындағы 7/4, 7/1 және 5/1 үйлердің қасбетіндегі сайдингтердің шаһар бюджеті есебінен жаңартылып, ауыстырылатынын айтқан еді. «Үйдің кепілдік қызмет көрсету уақыты өтіп кеткен, ал өз қаражатына қаптаманы ауыстыруды тұрғындардың қалтасы көтермейді. Осыны ескере отырып, қалалық бюджеттен қаржы бөлінді» деп түсіндірген еді мұны қала әкімі.

ТӘЖІРИБЕЛІ ҚҰРЫЛЫСШЫ НЕ ДЕЙДІ?

Осы дұрыс па? Жөндеу жұмыстарына бюджет қаражатын жұмсау қаншалықты қисынды? «Банкротқа ұшырадым» деп тұрғындарды сазға отырғызып кеткен мердігерлер жауапқа тартылмай ма? Бұл сұрақтарды құрылыс саласында 40 жылдан астам жұмыс істеген, бригадир, учаске бастығы секілді қызметтерді атқарған, облыс аумағында 8 мектеп, басқа да нысандарды салуға атсалысқан «Қазақстанның құрметті құрылысшысы» Алтынбек Жәкебаевқа қойдық. «Негізі, дұрыс емес. Бұл енді екі жұмыс. Бюджет қаражатын босқа шығындау. Бір жағынан мұны әкімдіктің өздері жіберген қателікті жуыпшаюы деп түсінуге болады. Себебі олар бұл нысанды өздері қол қойып, қабылдап алған. Демек, олар да жауапты. Ал мердігер компанияның кепілдік мерзімі біткен. «Іс бітті, қу кетті» деген тәжірибелі құрылысшы өзінің бірнеше ұсынысын айтты.

«Қойшы көп болса, қой арам өледі». Байырғы құрылысшының пайымынша, бұрынғы «подрядный способ», яғни мердігерлік әдісті қалпына келтіру керек. Бұл дегеніміз – бір нысанды бір ғана бригаданың салып шығуы. Бригада құрамында тас қалаушы, дәнекерлеуші, сантехник, электрик, яғни құрылысқа қатысты барлық мамандық иелері болуы қажет. «Ең бастысы, құрылыс басындағы адамдар, құрылысшыларды басқаратын бригадир сауатты болуы керек. Жұмыс істейтін жерде жұмысшыларға арналған, таңертең бас қосып, алдағы жұмыс барысын ақылдасатын, түсіндіретін уақытша ғимараттың болғаны ләзім. Сонда ғана сапа болады. Осындай дүниелерге ұсақ-түйек деп көбіне мән бермейміз», – дейді Алтынбек Жәкебаев.

Екінші, техникалық қадағалау қызметі мен тапсырыс берушінің жауапкершілігі. Техникалық қадағалау қызметінің мамандары нысанда құрылыс басталған кезден соңына дейін жүріп, құрылыстың жобаға, сметаға сәйкес жүргізіліп жатқанын жиі тексеріп отыруы керек. «Негізгі жауапкершілік – соларда. Олар тапсырыс берушімен тығыз байланыста жұмыс істегені жөн. Кемшілік дер кезінде жөнделіп, ретке келтірілсе, кейін қабырға жарылу, төбеден су ағу секілді мәселелер болмас еді. Ал санитарлық-эпидемиологиялық бақылау, өрт сөндіру қызметтерінен, әкімдік өкілдерінен құралған, нысанды қабылдап алатын комиссияның жұмысы да өте жауапты. Бір сөзбен айтқанда, үйді салған қарапайым құрылысшыдан нысанға қол қоятын комиссия мүшелерінің әрқайсысы үлкен жауапкершілікті сезінуі керек. Бұлай болмаса, «сапасыз үйлер сериясы» жалғаса береді», – дейді байырғы құрылысшы.

> *Соңғы жылдары осындай жағдайдың тым жиілеп, «банкротқа ұшырағыш» мердігерлердің көбеюі тұрғындарды алаңдатып отыр. Өткен жылғы статистикаға көз жүгіртіп көрелік. Былтыр сәуір айында «Нұрлы жол» бағдарламасымен «Қазақстандық ипотекалық компаниясы» мен «Бәйтерек Девелопмент» АҚ мұрындық болуымен бой көтерген Бауыржан Момышұлы көшесіндегі 9 қабатты үйдің қабырғасы түн ішінде ажырап кетіп, тұрғындарды бір шошытты.*

Азамат ҚАСЫМ,
Шығыс Қазақстан облысы

Қат дәрілердің құны да қымбат

Әлемдегі ең қымбат дәрінің бағасы – 1 миллиард теңге. Қазақстанда тіркелмеген, тіпті ел аумағына кіргізу мүмкін емес Zolgensma препаратын АҚШ-тан табуға болады. Қазақстанда 1 жас 7 айлық Айсезімге бұлшық атрофиясы дерті жармасып, ғұмырын сол дәріге бағынышты етті. Сауығып кетуі үшін аталған препарат оған 2 жасқа дейін салынуы керек. Қаржы жинауды бүлдіршіннің ата-анасы былтыр наурыз айында бастаған. 11 айдан кейін еліміздегі белгілі әнші-актерлер, ақындар, блогерлер, кәсіпкерлер бастап, халық қолдап, жансақтау бөлімінде жатқан Айсезімнің еміне қажетті қаржыны топтастырды. Қат дәрінің қымбат болуының себебі неде? Құны көкке ұшқан тағы қандай дәрілер бар? Бастысы, науқасты ажалдан арашалай ала ма?

Наима НҰРӘЛІ

ДӘРІГЕ БАЙЛАНҒАН ҒҰМЫР

Арқа бұлшық ет атрофиясы – генетикалық ауру, оның кесірінен адамның барлық бұлшық еті семіп, салдарынан өліп кетуі мүмкін. Денсаулық сақтау министрлігі елде бұл диагнозбен қанша адам ауыратынын нақты айтпайды. Қазір оны бюджет қаражаты есебінен емдеу хаттамасына енгізді. Бір ампуланың құны – 50 миллион теңге. Осындай алты ампулаға бір жылға өтінім берілді. Бірақ нусинерсен (спинраза) препаратын өмір бойы қабылдау керек. Ал АҚШ-та ғана қолжетімді золгенсма дәрісінің бағасы – 2 125 000 доллар, 915 миллион 365 мың теңге. Оның сатылымына 2019 жылы ғана рұқсат берілді. Препаратты бір рет қабылдаса, жеткілікті. Бұған дейін Қазақстанда золгенсма препаратына қажетті қаржыны бір ғана отбасы көптің көмегімен жинап еді. Ақсайдан келген Әмірдің емі сәтті өтіп, анасы ұлының жағдайы едәуір жақсарғанын жеткізген.

«Золгенсма өндірушісі АҚШ үкіметі бір баланың бүкіл ғұмыры үшін 5 миллион доллар жұмсайды деп санайды. Өндірушілер ата-аналарға «Жарайды, біз сізден 5 миллион доллар алмаймыз, бірақ инъекция 1,8 миллион доллар тұрады. Осылайша, баға шығады», – дейді Глеб Кузнецов.

Негізі, золгенсма өндірушісінің клиникалық және экономикалық тиімділікті ескере отырып, әртүрлі елдер үшін дәрідәрмектің құнын есептеуіне болады. Сонда бұл инъекция бағасы АҚШ-та, Ресейде, Еуропада, Ганада, Қазақстанда басқаша болар еді. Бірақ өндіруші: «жоқ, жоқ, баға барлық жерде бірдей болады. Келіспесеңіз, сатып алмаңыз!», – дейді. Дәрі өндірушілері осылайша адам өмірінің құнын анықтайды.

Препарат құны елдің байлығына да байланысты. Мәселен, С гепатитіне қарсы тұратын дәрінің бағасы АҚШ-та бөлек. Яғни, бір елде арзан болса, екінші бір елде қымбат. Бұл С гепатитінің жұқпалы ауру екендігіне байланысты. Бір елде дерт емделмесе, онда гепатит толқыны дәріні өндіруші елді де жаулап, оны емдеу үшін қыруар қаржы жұмсауды қажет етеді. Сондықтан кедей елдер үшін бағаның төмендеуі қайырымдылық емес, нарықтық стратегия. Ал генетикалық ауруларға арналған дәрі-дәрмектер үшін мұндай мысалдар жоқ. «Төлем жасаңыз немесе сатып алмаңыз» дейтін АҚШ-тағы сақтандыру компаниялары әлемде қанша адам бұлшық атрофиясына қарсы ем алмайтынына терең мән бере бермейді. АҚШ-та сақтандыру компанияларының көпшілігі бұл дәрі-дәрмектің шығындарын өтемейді, сондықтан кейбіріне клиенттерінің емделуін бес жыл ішінде 425 мың доллардан бөліп төлеуге мүмкіндік берілген.

Құны қымбат дәрілер тізімінде зокинви екінші тұр. Бағасы – 1 032 480 доллар, 440 751 085 теңге. Зокинви – ерте қартаюды тудыратын сирек кездесетін генетикалық ауруды емдеуге арналған алғашқы және жалғыз дәрі. Өкінішке қарай, зокинви прогерияны емдемейді. Аурудың дамуына жауап беретін негізгі фермент фарнезилтрансфераза синтезін тежейді. Бұл прогериямен ауыратын науқастардың ғұмырын 15 жылға ғана ұзарта алады.

Бұдан кейін тізімде даниэлза дәрісі тұр. Құны – 977 664 доллар, 421 138 545 теңге. Сүйек немесе сүйек кемігі нейробластомасы бар балалар мен ересектерді емдеуге арналған. Danyelza бөтелкесінің құны 20 368 долларды құрайды, ал науқасқа жылына шамамен 48 шыны қажет.

Миалепт – 889 904 доллар, 383 335 047 теңге. Миалепт жалпыланған липодистрофиясы бар пациенттерде лептин жетіспеушілігін емдеу үшін қолданылады, организмдегі майдың қалыптан тыс таралуын, ақуыз жетіспеушілігін бақылаудың жалғыз тәсілі – осы дәрі. Күніне бір рет қабылдау қажет. Сонда айына 14 бөтелкеден келеді. Бұл дәрі сирек кездесетін ауруды бақылаудың жалғыз құралы болғандықтан, оның да үнемді баламалары жоқ.

Luxturna – 850 000 доллар, 366 146 000 теңге. Дәріні Филадельфияда орналасқан гендік терапия саласындағы Spark Therapeutics фармацевтикалық компаниясы шығарады. 2017 жылдың желтоқсанында АҚШ-тың Өнімдер және дәрі-дәрмектер басқармасы (FDA) Luxturna препаратының көздің ішкі тор қабығының сирек кездесетін тұқым қуалайтын ауруы – лебер амаврозын емдейтін қасиетін растады. Препарат гендік модификацияланған вирустың көмегімен көздің ішкі тор қабығының жасушаларын дұрыстап, көру қабілетін қалпына келтіруге жәрдемдеседі. Вирус 45 минутқа созылатын ота арқылы тікелей көз алмасына енгізіледі. Препаратты бір рет қабылдаудың өзі жеткілікті. АҚШ-та бұл диагнозбен 2 мыңға жуық адам өмір сүреді.

Бринейра – 730 340 доллар, 314 601 258 теңге. Баттен ауруының белгілі бір түрін емдеуге арналған, 2 типті кеш нәрестелік нейроналды цероидты липофусциноз деп аталатын алғашқы дәрілік зат. Баттен ауруының белгілері 2 мен 4 жас аралығында байқалады. Баланың сөйлеуі кешеуілдеп, қозғалысы қиындайды. Бірақ Brineura ауруды толығымен емдемейді. Бірақ бұл препарат трипептидилпептидаза-1 ферментінің жетіспеушілігін толтыра отырып, үш жастан асқан кейбір науқастарда қозғалыстың шектелуін баяулатады.

АЛАЯҚТЫҚ ТА, ҚҰНЫҚҚАНДЫҚ ТА ЖОҚ ЕМЕС

Үлкен ақша айналатын жерде пайда табуға тырысатын алаяқтар пайда болады. Бұл фармацевтика саласына таңсық емес. Саладағы ең үлкен жанжалдардың бірі – американдық кәсіпкер Мартин Шкрелимен байланысты.

Шкрелидің Retrophin фармацевтикалық компаниясы сирек кездесетін тұқым қуалайтын ауруды емдеу үшін қолданылатын Thiola препаратына авторлық құқық сатып алып, артынша дәрі-дәрмектің құнын 2 000 пайызға арттырып жіберген. Кейін кәсіпкер Retrophin компаниясынан кетуге мәжбүр болды, ал компанияның бағалы қағаздармен сауда жасау ережелерін бұзғаны үшін оны сотқа берді.

Бір жылдан кейін жаңадан құрылған Шкрели Turing Pharmaceuticals компаниясы daraprim препаратымен сондай қитұрқылыққа барып, оның бағасын 13,5 доллардан 750 долларға аспандатып жіберген. 1953 жылдан бері шығарылған daraprim бағасын төмендету туралы талапқа жауап ретінде Шкрели препаратты дамыту үшін қаражат керегін айтып, өзін ақтап алған. Ақыр соңында, сот Шкрелиге 7 миллион доллардан астам айыппұл салып, жеті жылға бас бостандығынан айырды.

САПАСЫН БАҒАСЫ АНЫҚТАЙ МА?

Дәрінің бағасы қаншалықты қымбат болса, соншалықты аурудан айықтырады деген қате түсінік. Бұрынғы Денсаулық министрі, медицина ғылымдарының докторы, профессор Жақсылық Досқалиев та бұл ойымызды қуаттап отыр.

«Мұндай дәрілердің ішінде түпнұсқа түрлері бар. Ондай дәрілердің құны қашан да қымбат болады. Құрамындағы заттарға байланысты. Қатерлі ісік ауруларына қарсы тұратын дәрілер өз алдына жоғары бағада болады. Балаларда кездесетін арқа бұлшық ет атрофиясын емдейтін дәрі АҚШ-та шыққанына көп уақыт болған жоқ. Оның зерттелуіне көп қаражат жұмсалды. Жаңадан шыққан дәрі болғандықтан, қазақстандықтарға қолжетімді емес», – дейді Ж.Досқалиев.

Дәріні ойлап таппастан бұрын ғылыми-зерттеулерге қаражат жұмсалады. Оны патенттеуге қанша жұмсалғаны ескеріледі. Және монополист компания тұтынушылар нарығының өз қолынан ешқайда қаша алмайтынын біліп, бағаны қалауынша аспандатады. Өйткені бәсеке жоқ.

Қорытындысында, қымбат дәрідәрмекті науқас балалардың отбасы өз қаржысына сатып алуы керек. Қалтасы көтере бермейтіндіктен, қайырымдылық қорларға үміт артады. Қоғам өкілдерінің айтуынша, отандық медицина дамып жатқанына қарамастан, ауруханалардың жабдықталу деңгейі әлі де төмен. Жақсы аппараттар мен УЗИ, МРТ қорытындысын түсіндіре алатын маман тапшы. Емдеу әдісі де үлкен мәселе туғызады. Сала мамандары жетіспейді. Әсіресе, ауылды жерде ауруды ерте анықтау қиын. Тағы бір мәселе, медициналық көмекке жүгінбей, баласын дәстүрлі емес әдістермен емдеуді жөн көретін ата-ана да бар.

Ауру күтпейді, аямайды. Айсезімнің еміне қаржы жиналды ғой, бірақ мұндай дертке шалдыққан ол жалғыз емес. Сол сияқты қаншама ата-ана баласының еміне қажетті қаржы жиналар күнді күтіп жүр. Бірақ бұл бір отбасының ғана мәселесі емес. «Дені сау ұрпақ – ұлт болашағы» десек, ауыр дертке шалдыққан сәби де қоғамның бір бөлшегі. Мемлекеттің болашағын ойласақ, мұндай мәселеде қайырымды жандарға иек артпай, мемлекеттік деңгейде шешімін табатын уақыт жеткен сияқты.

ШЕКАРАДАҒЫ МАРҚАКӨЛ ЖЕКЕ АУДАН БОЛА МА?

Шекара шебіндегі, елдің шеті, желдің өтіндегі бұрын өз алдына аудан болған өңірдің тұрғындары «ауданымыз қайта ашылып, айымыз оңынан туар ма екен?» деген үкілі үміттің жетегінде жүр. Әсіресе, марқакөлдіктердің ең басты арманы да – осы.

ПРЕЗИДЕНТ ПӘРМЕН БЕРДІ, ҮКІМЕТ НЕГЕ ҮНСІЗ?

Иә, бұған себеп те жоқ емес. Былтыр қараша айында өткен Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің VI отырысында Президент шекаралық аудандарды дамыту бағдарламасын дайындау туралы тапсырма беріп: «Шекара маңын бос қалдыруға болмайды. Бұл – ұлттық қауіпсіздікке тікелей қатысы бар мәселе. Оны жүйелі түрде шешу қажет. Қомақты қаражат керек болады. Үкіметке мұны жан-жақты қарастырып, шекаралас аймақтарды дамыту жөнінде ұсыныс енгізуді тапсырамын» деген болатын.

Парламент Мәжілісінің депутаты Ерлан Саиров мұны тағы да Үкіметтің есіне салып, Премьер-Министрдің бірінші орынбасары Роман Склярға депутаттық сауал жолдады. «Шығыс Қазақстан облысының үш шекаралық Катонқарағай, Марқакөл, Тарбағатай аудандарын ашу мәселесін шұғыл шешу керек» деп мәселені төтесінен қойған депутат бұрынғы Катонқарағай ауданындағы 22 мың халықтан 5, Марқакөл ауданында 25 мың халықтан 8, Тарбағатай ауданында 45 мың халықтан 19 мың адам қалғанын жеткізді. «Азаматтардың көшу процесі әлі де тоқтаған жоқ. Алдағы 5 жыл ішінде тек Катонқарағай ауданында 13 ауыл бос қалуы мүмкін. Халықтың үдемелі көшу процесін тоқтатпасақ, 10 жылдан кейін Израиль мемлекетінің аумағымен тең Марқакөл, Катонқарағай аудандарында 500 тұрғындай ғана қалады», – деді халық қалаулысы.

Десек те Президент пәрмен бергенімен, Үкімет әзірге үнсіз. Бұл мәселеге байланысты позициясын білдірген жоқ. Ал шекаралық аймақтағы тұрғындар Ақорда мен Үкіметтен үлкен үміт күтіп жүр. Жақында бұрынғы Марқакөл ауданының бір топ тұрғыны Президенттің атына бейнеүндеу жолдап, Марқакөл ауданын қайта қалпына келтіруді талап еткен петиция жариялады. «Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы! Сіздің «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын іске асырамыз деген бастамаңызға үміт арта отырып, Марқакөл өңірін қайта қалпына келтіруді ұсынамыз. 1997 жылы аудан тарағаннан кейін шаруашылықтар тоқтады, кәсіпкерлік әлсіреді. Аудандық ауруханамыз да жабылып тынды. Үкіметтен үміт үзген ел орталыққа үдере көшті. Бүгін Марқакөл өңірінде аудан халқының үштен бір бөлігі ғана қалды. Қазір қай жағына қарасаң да, игерілмеген егістік, бос қалған үйлер, құлаған балабақша. Көп мәселенің жалғыз шешімі – Марқакөл ауданын қайта қалпына келтіру. Қазір көршілес жатқан Қытай елінің түнгі шамдары жарқырап, тордың арғы жағында елді мекендер саңырауқұлақтай өсіп жатса, біз жақтағы үйлердің шамы жылдан-жылға кеміп барады. «Бос жатқан жер жау шақырады» демекші, шекаралық аудандарды бос қалдыру қандай саясат екеніне халықтың миы әлі жетпей жүр. Егер аудан қалпына келтірілсе, біздің табиғаты көркем, қойнауы қазынаға толы Марқакөл ауданы да еліміздің дамуына өз үлесін қосатынына сенімдіміз» делінген бейнеүндеуде.

МАРҚАКӨЛДІҢ МҮМКІНДІКТЕРІ

«Үйлену оңай, үй болу қиын» демекші, «егер аудан құрылған жағдайда ол өзін-өзі ақтай ма, аяғынан қаз тұрып кете ала ма?» деген сауалдардың да туындайтыны заңдылық. Осы сұрақтарды кезінде Марқакөл өз алдына жеке аудан болғанда әртүрлі қызмет атқарған азаматтар, экономистер мен кәсіпкерлерге қойдық. Кеңес заманында Тарбағатай, Марқакөл, Катонқарағай, Күршім өңірлерінде басшылық қызметтерде жұмыс істеп, 10 жылға жуық Тарбағатай аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы, Шығыс Қазақстан облыстық партия комитетінің хатшысы болған Сайлаухан Аухадиев пайдалана білсе, Марқакөлдің әлеуеті зор екенін айтады. Шекаралық аудандарды бес саусағындай білетін ақсақалдың пайымынша, Марқакөлде туризм мен кен орындарын былай қойғанда, мал, балық, марал, бау-бақша және орман шаруашылықтарын дамытуға мүмкіндік мол. «Марқакөл – мал шаруашылығына қолайлы аудан. Әсіресе, қой, жылқы өсіруге. Кезінде Қаба совхозында асылтұқымды жылқылар көп болды. Марқакөлдің шөбі шүйгін. Марал өсіруге де болады. Марқакөлдің ұшқыш балығы (ускуч) өз алдына, Қара Ертістің бойы балық шаруашылығын өркендетуге сұранып-ақ тұр. Бұл өңірде суармалы жерлер көп. Бау-бақшаға аса қолайлы. Кезінде Қалжыр өзенінде кішігірім ГЭС болғанын айтады. Соны қалпына келтірсе. Марқакөлде орман қоры да мол. Құрылыс материалдарын да көптеп дайындауға болады», – дейді ол.

Марқакөл өңірінің Қаба совхозында 18 жыл мал дәрігері, 15 жыл зоотехник болып еңбек еткен Әділхан Бекбосынов: «Кезінде 25 мыңға дейін қой өсірдік. Марқакөлдің мал шаруашылығындағы әлеуеті зор. Соны дұрыс пайдалана білу керек» деп өз пікірін білдірді.

Марқакөлдің тумасы, қазір Алматы облысында қызмет атқарып жүрген кәсіпкер Нәсимолда Бакиннің пікірінше, өңірде қазба байлықтың қоры да аз емес. «Қалжыр өзенінің бойында «Қаршыға» деген кен орны бар. Ол жерде төрт-бес компания бар. Қазір Маңқан, Жаланаш деген жерлер ашылып жатыр. Осы кен орындарының өзі-ақ аудан бюджетін толықтырады. Аудан құрылса, өз күнін өзі көріп кетеді» деп Марқакөлдің тағы бір мүмкіндігін меңзеген кәсіпкер Алматы облысында жаңадан құрылған Райымбек ауданының тәжірибесін шығыста да енгізсе деген ұсынысын жеткізді.

Оның ойынша, Марқакөл ауданы қайта құрылған жағдайда мұндағы бұзылып кеткен бұрынғы ғимараттарды қайта қалпына келтіруге облыстың өзге аудандары көмекке келуі керек. «Кеген мен Райымбек аудандары бөлініп, орталығы Нарынқол ауылы болып, Райымбек ауданы қайта құрылғанда Алматы облысының басшылығы өңірдегі аудандарға ғана емес, жергілікті ірі компанияларға осындай өтініш жасады. Райымбек ауданы Үкіметтің қаражатынсыз-ақ құрылды. Мәселені облыс әкімінің өзі-ақ шешті. Жергілікті халықтың өтініш-тілегін ескерді. Мұны шығыста да неге жасамасқа? Бұл кезінде Үкімет басқарған, тәжірибелі басшы Даниал Ахметовтің қолынан келмейді дегенге өз басым сенбеймін», – дейді Нәсимолда Бакин.

«Марқакөл – мал шаруашылығына қолайлы аудан. Әсіресе, қой, жылқы өсіруге. Кезінде Қаба совхозында асылтұқымды жылқылар көп болды. Марқакөлдің шөбі шүйгін. Марал өсіруге де болады. Марқакөлдің ұшқыш балығы (ускуч) өз алдына, Қара Ертістің бойы балық шаруашылығын өркендетуге сұранып-ақ тұр.

Белгілі экономист, сарапшы, GSB UIB бизнесті талдау орталығының директоры Мақсат Халық та осы пікірде. «Халықтың аудан орталығын қайта құру туралы ұсынысы орынды деп ойлаймын. Негізі, шекаралық аймақтағы аудандардың өз алдына дербес болғаны дұрыс. Өңірлік басқарудың осы сценарийін әлемдік тәжірибеде жақсы қолданады. Адамдар аз қалды деп аудандарды біріктіре бергеннен ештеңе ұтпаймыз. Бұл жағдайды одан әрі ушықтыруы мүмкін. Мәселен, Райымбек ауданын қайта құрар кезде: «Жеке аудан болу үшін 50 мың халық болуы керек, оған адам саны жетпейді» деген әңгімелер болды. Бірақ Алматы облысының басшылығы халықтың мүддесін бірінші орынға қойып, адам саны жетпесе де аудандарды бөлді. Нарынқол өңірі қазір қайтадан жандана бастады. Осы тұрғыдан алғанда шекаралық аудандардың өзге елмен шектесетінін және жергілікті тұрғындардың экономикалық белсенділігін арттыру мақсатында бөлек аудан ретінде қарастырған дұрыс. Бір мысал айтайын. Алматы облысының шекаралық аймағындағы Саты ауылы қазір ең кәсіпкері көп ауыл болып отыр. Әрбір үй қонақ күтеді. Марқакөлдің көл жағасындағы ауылдарын осы Саты ауылының үлгісінде неге дамытпасқа? Егер Марқакөл аудан ретінде құрылып жатса, осы аймақтағы азаматтардың еңбекақысын бір жарым ставкаға көтеру, көшіп баратын адамдарға жеңілдікпен үй беру, ауыл шаруашылығымен шұғылданамын деген азаматтарға жер беру, 50 пайыз жеңілдікпен несие қарастыру секілді мәселелерді ойластырған жөн», – дейді ол.

АУЫЛҒА БАРУҒА ДАЙЫН ОТЫРҒАН АЗАМАТТАР

Егер Марқакөл аудан ретінде құрылса, туған топырақтарына бет бұрып, елді мекендегі елді ыдыратпай сақтау үшін шаруашылық ашып, жерлестерін жұмыспен қамтуға ниет білдіріп отырған кәсіпкер азаматтар да жоқ емес. Мәселен, Марқакөлдің Қарой ауылының тумасы, қазір Алматыда тұратын кәсіпкер Жомарт Сайболатовтың өз ауылын қайта түлету үшін жылқы және қаз шаруашылығын ашпақ ойы бар. «Алатаудың баурайында тұрсақ та, туған жеріміз – Алтайымыздан кіндігіміз үзілген жоқ. Қаройдың жазы – салқын, қысы – жылы. Суы мол, шөбі қалың. Жылқы өсіруге өте қолайлы. Қаройдың маңында бұлақ көп. Сол бұлақтарды бөгеп, шағын су қоймасын жасап, қаз өсіруге де болады. Жазы жаңбырлы. Егін егуге де болады. Бұл жақта бал арасын өсіруге де мүмкіндік бар. Қарой өңірінде 40-тан астам гүл гүлдейді. Әртүрлі шөптен неге бал жинамасқа? Мұнда ағылшын тұқымды жылқыларды да өсіруге болады. Өзім Қаройға 40-50 ағылшын тұқымды биелерді әкелсем бе деген ойым бар. Қазір Ертіс жағасындағы Боран ауылында қаз өсіріп отырмын. Соны ақырындап туған ауылыма көшірсем бе деген жоспарым бар», – дейді кәсіпкер.

Осы ауылдың тағы бір тумасы Нәсимолда Бакин Қаройды жандандыру үшін алматылық достарымен бірлесіп, марал шаруашылығын ашқысы келетінін айтады. Әрине, шаруашылық ашылса, біріншіден, ауылдың бірнеше тұрғыны жұмыспен қамтылып, екіншіден, мемлекетке де салық түсетіні анық. «Жұрт Катонқарағайға не үшін барады? Бұғының мүйізіне түсу үшін, емделу үшін барады. Катон мен біздің Марқакөлдің табиғаты бірдей. Осындай емдеу орнын неге Марқакөлде ашпасқа? Биыл жазда елге келгенде Марқакөлдің сай-саласын асықпай аралап шықтым. Сонда кезінде Марқакөлдің бүкіл совхоздары жылқысын бағып, егін еккен құнарлы жерлердің қараусыз, ен жатқанын байқадым. Бірақ сол жерлердің бәрін совхоз тарағаннан кейін ауылдың адамдары ұзақ жылға жалға алған. Өздері баяғыда қалаға, Өскеменге көшіп кеткен. Жерді сұрасаң, «менікі» деп шыға келеді. Өздері не мал ұстап отырған жоқ, не шөбін шауып отырған жоқ. Мемлекет соның бәріне инвентаризация жасап, кімнің жерді пайдаланып, кімнің пайдаланбай отырғанын анықтаса, жерді дұрыс пайдаланбай жүрген тұрғындар Үкіметке қайтарып берсе. Ауылға көмектесеміз, марал шаруашылығын дамытамыз деп отырған іскер жігіттерге айдаладан емес, сұраған жерлерін беруге көмектессе жөн болар еді. Мәселен, алматылық жігіттер марал шаруашылығын Қалжыр өзенінің маңынан ашқысы келеді. Жер мәселесі шешілсе, жігіттер іске кірісуге әзір», – дейді ол.

Азамат ҚАСЫМ,
Шығыс Қазақстан облысы

ШЫМКЕНТТІКТЕР ҮЙІН КҮЗЕТІП ОТЫР

Шымкент қаласындағы Асар-2 шағынаудан тұрғындары үрей үстінде отыр. Енді қайтсін, ұры атаулы осы Асарда жүретіндей. Қаңтар айының өзінде 11 үйді тонап кеткен. Бұл – ресми тіркелгені. Ал арызданбағаны қаншама... Тұрғындар ұрылардың күндіз де, түнде де жорыққа шыға беретінін айтады. Бірнеше жылдан бері созылып келе жатқан бұл қылмыстың беті қайтар емес. Бірде-бір күдікті ұсталмапты. Полицейден қайран болмаған соң ашынған жұрт енді елді мекенді өздері күзетуге кіріскен.

Мұнда 6 жылдан бері тұрып жатқан Жасұлан Ақтаев – ұрылардың құрбаны болғандардың бірі. Бастапқыда мұнда тұрғын халық аз болған, кейін көшіп келушілер қатары артып, қазір едәуір үлкен ауылға айналыпты. «Отбасыммен 3 бөлмелі кішірек үйде тұрамыз. 21 қаңтар күні кешкі сағат 7-11 арасында қонаққа барып келдік. Келгенімізде терезе ашық тұрғанын көрдік. Оған аса мән бермей, терезені ашып кетіппіз деп жауып алдық. Ішке кірген соң келіншегім шкафтың шашылып жатқанын көрді. Сөйтіп, артынша өзінің алтын-күмістерінің қолды болғанын айтып, ойбайлап қалды. Байқасақ, терезеден бері шкафқа дейінгі аяқкиім іздері көрініп тұр. Үй де оншалықты суымапты. Соған қарағанда біздің келуіміздің алдында болған оқиға сияқты. Дереу полицияны шақырттық. Олар тексеріп, «із қалмапты, қолғаппен қараған сияқты» деп кетіп қалды. 300 мың теңгенің жобасында әшекей мен інімнің, келіншегімнің және менің құжат салынған сөмкемді алып кеткен. Сол күйі табылған жоқ. Жақында құжаттарымды қайта рәсімдедім», – дейді ол. Елді мекен тұрғыны осы жағдайдан кейін ауыл тұрғындары ашқан WhatsApp-тағы чатқа болған оқиғаны жазып, көршілерін сақ болуға шақырған. Бірақ бұл жағдай бұдан бұрын да болып жүрген және бұдан кейін де талай болған. «Дәл қазір ұрлыққа түсудің маусымы екен. Біз мұны қайдан білейік? Ұрылар осындай қыстығүндері адамдар үйлерінен шықпайтын уақытта жорыққа шығады екен. Өкінішке қарай, бірде-бір рет қылмыскер құрықталмаған. Қазір біз ұрланған затқа емес, балаларымыздың қауіпсіздігіне алаңдап отырмыз. Себебі бір үйге екі реттен ұрлыққа түсу жағдайы болған. Сондықтан үйге тағы айналып келіп қала ма деген қауіппен әйел, бала-шағам үрейде отыр. Сыртқа шығуға жүрексінеді», – дейді ол.

Мұнда учаскелік инспектор жиі ауысады. Жуырда тағы басқа инспектор келіпті. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етіп, тұрғындардың тыныштығын қамтамасыз етуі тиіс полицейлердің осы уақытқа дейін ұрыны ұстай алмай қауқарсыз отырғанына күйінеді. Соңғы кездері ғана көшеде дабылқаққышын қосып жүретін полицейлердің бұл әрекетіне тұрғындардың көңілі толмайды. Себебі бұл жағдай көпке созылмайтыны белгілі. Одан да ұрыны астыртын әрекетпен ұстау керек екенін айтады. Бүгінде елді мекендегі кейбір белсенділер көшеде салт жүргендерді тексеріп, бұл іске өздері кіріскен.

Ал Нышанәлі Дәуренбековтің үйін ұрлардың үптеп кеткеніне 10 күн болыпты. Баукеспелер теледидар мен ноутбукты қолды еткен. Асардан үй сатып алғанына бір жыл болған Назира апаның өткен бейсенбіде пердесі мен аспашамын ұрлап кеткен. «Мұнда әлі жылу жоқ. Сондықтан ауылдан әлі көшіп келмедік. Енді жиі-жиі болатын ұрлықты ести берген соң мұнда тұруға қорқып та отырмыз. Сатып, қала ішіндегі көпқабатты үйлерге көшсем бе деп отырмын», – дейді әжей.

Тұрғындардың барлығы дерлік тәртіп сақшыларына сенбейді. Оларды ұрылармен сыбайлас дейтіндер көп. Ұстаған күдіктіні шығарып жіберіпті дегенді де жиі естиді. Тіпті, Гаухар Әбішованың үйіне ұрылар тапа-тал түсте келіпті. «Бұл ұрлық қанша жылдан бері тыйылмай келеді. Екі жыл бұрын үйіме баса-көктеп келген суық қолдылар екі баламды екеуі қабырғаға тақап тұрып, үшіншісі үйден бағалы зат, ақша іздеген. Алғашында кіре сала «ақша қайда, мамаң жіберді» дейді. Одан соң өздері іздеген. Кейін бір балам сытылып, далаға айқайлап шыққанда, бұлар тез көлігіне мініп қашып кетеді. Сүндет той істегелі жүрген едім. Үйде ақша да бар еді, таба алмапты. Соған қарағанда, үйінде адам жоғын, ақшаның кімде бар екенін білетін адамдар шығар», – дейді ауыл тұрғыны. Бала-шағасының амандығына шүкіршілік еткен ол арызданбапты. Одан кейін мектеп үйінің жанында болса да, балаларын сабаққа апарып алып келеді. «Асарда қорқатын заман болып тұр. Осы уақытқа дейін «ұры ұсталды» не болмаса, «біреудің заты табылыпты» дегенді естіген емеспін», – дейді ол. Тіпті, осындай айқай-шу болып, тұрғындар жиналып жатқанның өзінде шеткі үйлерді тонап кеткен. Бұл енді мүлдем шектен шыққандық.

Учаскелік полицейлер болса, «қылмыстың өршуіне инфрақұрылымның жоқтығы себеп болып отыр», – дейді. Ауылда тіркелген 11 ұрлық қылмысының біреуі де ашылмаған. Бар тапқаны – учаскелік полицейді ауыстыру. Жуырда тағы біреуін алып келіпті. Қаратау ауданы ПБ жергілікті полиция қызметінің бастығы Бауыржан Оразымбетов жаңадан келген тәртіп сақшысының тәжірибесі мол екенін айтты. «Жаңадан келген учаскелік полицейдің қылмыс ашуға бейімі мол. Халықпен жақсы тіл табысып жатыр. Осы жерге жақын маңда тұрады. Осында әдейі қойып отырмыз. Енді қылмыс азаяды. Жұмыс атқарамыз. Өздеріңіз байқағандай, көшелер асфальтталмаған, су, жарық жоқ. Жарық қою, камера орнату мақсатында әкімдікке ұсыныс бердік», – деді ол.

Ал мұндай жауаптың талайын естіп, зәрезап болған тұрғындар енді кімге барып шағым айтарын білмей отыр.

Назгүл НАЗАРБЕК,
Шымкент қаласы

Үздік төрттіктеміз

Қазақстан футзал құрамасы Еуропадағы үздік командалардың арасындағы орнын сақтап қалды.

Еуро-2022 додасында ширек финалда Украина құрамасынан жеңілген қазақстандықтардың еншісінде 2 363,187 ұпай бар және рейтингте төртінші орында тұр.

Жаңартылған рейтингіде бірінші орында жуырда Нидерландта өткен турнирде Еуропа чемпионы атанған португалиялықтар тұр. Олардан кейін Еуро-2022 финалында Португалиядан жеңілген Ресей құрамасы жайғасқан. Үздік үштікті қола жүлдеге қол жеткізген Испания түйіндеп тұр.

Әбілмансұр ЖАСАН

Іріктеуден өте алмады

8 ақпанда Бейжіңдегі Олимпиада ойындарында қазақстандық спортшылар үш спорт түрінен бақ сынады.

Өкінішке қарай, шаңғышыларымыз еркін стильдегі жекелей спринтте төмен нәтиже көрсетіп, іріктеуден өте алмады.

Биатлоншы Владислав Киреев жақсы өнер көрсетті. Ол жекелей жарыста үздік 25 биатлоны тізіміне енді. Сонымен қатар барлық нысананы дәл көздеген екі спортшының бірі атанды. Алайда ол мәреге жеңімпаздан төрт минутқа кешігіп келді. Ал Александр Мухин төрт рет мүлт кетіп, топ-50 қатарына да ене алмады.

Конькимен жүгіруде Дмитрий Морозов жарысты 18-орынмен аяқтады.

А.ЖАСАНҰЛЫ

Шаңғышылар «жолды» кінәлап жүр

Бейжіңде өтіп жатқан қысқы Олимпиадада қазақстандық шаңғышылар жарыс жолына шықты. Жүлдеден дәмелі болмасақ та жақсы нәтиже күттік. Спортшылар үмітті ақтамады.

Спринтерлік қашықтықта ерлер арасында ел намысын Евгений Величко мен Виталий Пухкало қорғады. 90 үміткердің арасынан 30 шаңғышы финалдық кезеңге жолдама алатын. Осы отыздықтан көріну былай тұрсын, жігіттер мәре сызығын 64-65-ші болып қатар кесті. Ал жарыстан соң пікір айтқан ұлттық құрама мүшесі Виталий Пухкало жеңілісі үшін «жолдарды» кінәлады.

– Жақсы нәтиже көрсету үшін үнемі жарыстарға шығып, жоғары сапалы трассаларда жаттығу керек. Біздің елде ондай жолдар жоқ, – деді ол.

Қыздар арасындағы спринтерлік жарыста қыздарымыз да ұтылды. Ең үздік нәтиже көрсеткен Надежда Степашкина 51-өші болып келді. Ұлттық құрама мүшесі Надежда Степашкина «демалудың қиын» болғанын айтып, ақталған.

– Мен үшін бұл трасса өте ауыр болды. Өйткені ол тым биік. Демалу қиын болды. Бірақ бұл жарыс маған ұнады. Атмосферасы жақсы. Қол жеткізген нәтижем жаман емес, – деген спортшы.

Мадияр ТӨЛЕУ

Бейжіңде сынға түскен қазақтар

Төрт жылда бір өтетін биылғы ақ Олимпиада ойындарында өзге елдің намысын қорғап жүрген төрт қазақ спортшысы барын білдік. Оның үшеуі – Қытай, біреуі – Беларусь атынан сынға түсіп жатыр.

Абылайхан ЖҰМАШ

Елдар ҚАБА (коллаж)

Алдымен жарыс қожайындары саналатын Қытай құрамасының сапында бақ сынап жатқан үш қандасымызға тоқталайық. Бүгінге дейін Бейжіңде коньки спортынан – Ақнар Ардаққызы, шаңғы спортынан – Баян Жалын және Қадыс Беделхан жарыс жолына шығып үлгерді.

Бәрінен бұрын мұз үстінде желдей жүйткіп, көпшілікті өнерімен тәнті еткен конькиші Ақнар қазақстандықтардың ерекше ықыласына бөленгенін айта кетейік. Бір қызығы, Шыңжаң өлкесі Құтыби ауданы Тасбаспалдақ ауылының тумасы бастапқыда шорт-трекпен айналысыпты. Кейін бұл спорт түрінен Қытай ішіндегі бәсекелестік тым жоғары болған соң 2018 жылы конькиге ауысқан. Алты айдан соң Хельсинкиде өткен жастар арасындағы әлем кубогында 1 500 метрде күміс медальды мойынына тақты. 2019 жылы конькиден алғаш рет Қытай чемпионатына қатысып, 5 000 метрде алтын, 3 000 метрде күміс медаль иегері атанды. 2020 жылы төрт құрлық чемпионатының масс-старт жарысында төртінші, 3 мың метрге жарыста алтыншы орыннан көрінді. Оның конькимен жүгіруде Олимпиадаға дейін жетуіне бапкері Синь Цяшань әсер еткені көп айтылады. Қытайдың қысқы Олимпиададағы алғашқы чемпионы Ян Янды кезінде осы бапкер жаттықтырған.

Конькимен жүгіруден Қытай құрамасының мүшесі Ақнар Ардаққызы Qazsport арнасының тілшілеріне берген сұхбатында «Мені қолдап жатқандарыңызға ерекше алғысымды білдіремін», – деп қазақстандықтарға сәлемін де жолдады. Ол сондай-ақ бұл Олимпиадада жүлде жайлы ойламайтынын, жарысқа қатысып, өз нәтижесін жақсартуды, мықты спортшылармен сынға түсіп, мол тәжірибе жинауды мақсат тұтатынын айтты.

22 жастағы спортшы қыз Олимпиада ойындарында 2 қашықтықта сынға түсті. 5 ақпанда 3 000 метр қашықта германиялық 49 жастағы Клаудия Пехштейнмен бірге жарыс жолына шығып, мәре сызығын тәжірибелі қарсыласынан бұрын кесті. Алайда ол жалпыкомандалық есепте 17-орынға тұрақтады. Бұл қашықтықта қазақстандық конькиші Надежда Морозова жарысты 13-орынмен аяқтады.

Ақнар мұндай ірі жарысқа алғаш рет қатысып отыр. Ал Пехштейн үшін бұл – тоғызыншы Олимпиада. Германия конькишісі 1994 жылы Лиллехамерде, 1998 жылы Наганода Олимпиада чемпионы болған кезде Ақнар дүниеге келмеген еді. Енді қазақтың қаршадай қызы 10 ақпанда 5 000 метр қашықтықта бақ сынайды.

Қытай құрамасында Олимпиадаға қатысқан шаңғышы Баян Жалынқызы Шыңжаң өлкесі Алтай аймағы Жеменей ауданында дүниеге келген. Қытай біріншіліктерінің жарыстарына қатысып, бірнеше рет жеңімпаз атанған. 2020 жылы Дрезденде өткен әлем кубогында 9-орын алған. Кейін Қытай ұлттық құрамасының мүшелігіне өткен. Былтыр шаңғы жарысынан Германияның Оберстдорф қаласында өткен әлем чемпионатында бақ сынап, командалық жарыста 13-орын, 10 шақырымға жекелей жарыста 38-орынды иеленген.

Олимпиадаға үш жыл бойы Норвегияда дайындалған Баян Бейжіңде 15 шақырымдық скиатлон финалына қатысып, 46-орынға ие болды. Ал бұл сында еліміздің намысын қорғаған шаңғышыларымыз Ксения Шалыгина – 48, Ангелина Шурыга – 49, Валерия Тюленева – 51, Надежда Степашкина 58-орыннан көрінді. Енді Баян еркін стильдегі спринт жарысының іріктеу кезеңіне қатысады.

Қазақстан атынан бұл сынға екі шаңғышы түскен болатын. Виталий Пухкалов төрт жыл бұрынғы нәтижесін қайталап, 32-орынға тұрақтады. Ал екінші спортшымыз Евгений Величко жарысты аяқтай алған жоқ.

Байрақты бәсекеде Беларусь құрамасының атынан жарысқа қатысқан Динара Әлімбекованы бірі білсе, бірі біле бермейді. Естеріңізде болса, Динара осыдан төрт жыл бұрын Оңтүстік Кореяның Пхенчан қаласында өткен Олимпиада ойындарында чемпион атанған болатын. Онда ол чемпиондық атаққа биатлоннан әйелдер арасындағы 4х6 шақырымдық эстафеталық жарыста қол жеткізген. Сол тұста Беларусь құрамасында Динара Әлімбековамен бірге Надежда Скардино, Ирина Кривко және Дарья Домрачева есімді спортшылар өнер көрсетті.

Әлімбекованың әкесі – қазақ, шешесі – беларусь ұлтынан. 1996 жылы 5 қаңтарда Қарағанды қаласының іргесіндегі Абай ауданында дүниеге келген спортшы үш жасында Беларусь еліне қоныс аударды. Кішкентайынан би, музыка үйірмелеріне қатысқан.

Бәрінен бұрын мұз үстінде желдей жүйткіп, көпшілікті өнерімен тәнті еткен конькиші Ақнар қазақстандықтардың ерекше ықыласына бөленгенін айта кетейік. Бір қызығы, Шыңжаң өлкесі Құтыби ауданы Тасбаспалдақ ауылының тумасы бастапқыда шорт-трекпен айналысыпты.

Тағы бір шаңғышы қандасымыз Қадыс Беделхан 1999 жылы 3 қаңтарда Шыңжаң өлкесі Санжы облысында дүниеге келген. Қытай біріншілігінің жеңімпазы. 2017 жылдан бері Қытай ұлттық құрамасының үздік спортшыларының бірі саналады. Спортшының үлкен жарыстардағы дебюті 2018 жылы Контиолахтидегі FIS турнирінде өткен. Сол кезде 15 шақырымдық жарыста 69-орын алды. Ал былтыр 50 шақырымға еркін жүріспен жарыста Қытай ұлттық чемпионатында топ жарған.

Спортшы Бейжің Олимпидасында ерлер арасында өткен 30 шақырымдық скиатлон жарысында мәре сызығын 50-ші болып кесті. Кейін денешынықтыру мұғалімінің кеңесімен шаңғы үйірмесіне барып, кейін өмірін биатлон спортына арнаған.

Күні кеше биатлоннан сынға түскен қазақ қызы Бейжің Олимпиадасында 15 шақырымдық жекелей сында 5-орын алды. Бірақ із кесу жарысына жолдама алған 60 спортшының қатарына енді. Демек, оның алдағы уақытта медальға таласуға мүмкіндігі бар.

Біз, Бейжің төрінде өзге елдің атынан сынға түсіп жүрген төрт қандасымызға да сәттілік тілейміз. Әлемдік додада қазақстандық спортшылармен қатар көрші елдегі «жақындарымыздың» да жолына үмітпен қараймыз.

Допты хоккей: «Ақжайық» жеңіске жетті

Допты хоккейден жоғары лига командалары арасында бүкілресейлік жарыста өнер көрсететін «Ақжайық» өз айдынында «СКА-Свердловск» командасымен екінші ойын өткізді.

Бұл кездесуде де Николай Шавалдиннің шәкірттері айқын басымдық көрсетіп, 6:1 есебімен жеңіске жетті. Ойын барысында екі рет мергендік танытқан ресейлік легионер Максим Пахомов биылғы маусымда соққан гол санын 30-ға жеткізді. Сондай-ақ команда капитаны Максим Өтебалиев қос голдың авторы атанды. Ресейліктер Сергей Башаев пен Александр Слугин қарсыластың қақпасына бір-бір доптан енгізді. Қонақтардан Алексей Снегирев қана гол соға алды.

Осы ойыннан кейін 27 ұпай жинаған оралдық клуб үшінші топта төртінші орынға көтерілді.

Айта кетейік, «Ақжайық» келесі ойынын Оралда 11-12 ақпанда негізгі қарсыластарының бірі «Маяк» (Краснотурьинск) командасына қарсы өткізеді.

Әбілмансұр ЖАСАН

NUR MEDIA
AIQYN
Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор – **Бақытжан ТҰРЛЫБЕКОВ**
Бас редактор – **Нұрмұхамед БАЙҒАРА**
Амангелді ҚҰРМЕТ – Бас редактордың бірінші орынбасары
Гүлзина БЕКТАС – шығарушы редактор
Асқар БЕК – веб-сайт редакторы
Елдар ҚАБА – секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ – Ақмола облысы
Нұрболат АДЫРБЕК – Алматы қаласы
Тұрсын ЖҰМАБЕККЫЗЫ – Атырау облысы
Саятхан САТЫЛҒАН – Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ – Қарағанды облысы
Назгүл НАЗАРБЕК – Шымкент қаласы
Роза ШӘКЕН – Солтүстік Қазақстан облысы
Азамат ҚАСЫМ – Шығыс Қазақстан облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:
Кәсіпорындар, мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер, соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aiqyn@gmail.com
ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8 (777) 310 22 54, 8(7172) 72-95-39
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 4 рет шығады

Газет «Айқынның» компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4071
Алматы қ. «Дәуір» Ш.Қалдаяқов көшесі, 17-үй
Нұр-Сұлтан қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС Сілеті көшесі 30, тел.: 8(7172) 99-77-77
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС, Әлімқұлов көшесі 22, тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде тіркеуге алынып, мерзімді баспасөз басылымын қайта есепке қою туралы №17416-Г куәлігі 25.12.2018 жылы берілді
(Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №4448-Г – 01.12.2003ж.)

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:
010000. Нұр-Сұлтан қаласы, Қонаев көшесі, 12/1
Байланыс телефоны: Нұр-Сұлтан қ. (7172) 72-95-46
e-mail: aikyngazeti@gmail.com, aikyn_nurmedia@mail.ru

• Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.
• Авторлар қолжазбасы өңделмейді және кері қайтарылмайды.
• Көлемі үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
• «Айқында» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.

Кезекші редактор – Анар ҚОНЫС